



## ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫ

10 негізгі  
бағытта дамиды

2

## САЯСАТ



## ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫ

Бұл саммитте  
қандай тақырыптар  
талқыланады?

3

## ТАНЫМ



## ТАРЛАНБӨЗ ТАРИХШЫ

14

# Almaty

## AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №131 (6424) 2 қараша, бейсенбі, 2023 жыл. | [www.almaty-akshamy.kz](http://www.almaty-akshamy.kz)

## ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

# ҚАЗАҚСТАН – ФРАНЦИЯ: ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ

Екі мемлекеттің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген  
құрамда келіссөз жүргізілді



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақорда резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Франция Президенті Эмманюэль Макронды салтанатты түрде қарсы алды.

Келіссөз алдында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмманюэль Макрон бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт беріп, екі елдің Өнұрандары шырқалды. Содан кейін президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізу үшін Шығыс залына барды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Эмманюэль Макронға ілтипат білдіріп, жылы қарсы алды.

2

## ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

# АРЗАН ӨНІМ – ЖӘРМЕҢКЕДЕ!

Алматы халқы үшін апта сайын сенбі және жексенбі күндері ауылшаруашылық өнімдерін ұсынатын кеңейтілген азық-түлік жәрмеңкесі ұйымдастырылады. Онда қала тұрғындары төмендетілген, қолжетімді бағадағы экологиялық таза өнімдерді сатып ала алады.

**Кұралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Алдағы демалыс күндері, яғни 4-5 қарашада Алматы қаласының төрт ауданында 10 дәстүрлі ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді. Оған Алматы облысының жақын маңдағы, оның ішінде Қарасай, Жамбыл, Іле, Талғар және Еңбекші-қазақ аудандарының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, сондай-ақ Алматы қаласының азық-түлік кәсіпорындары қатысады.

Бұл жолы фермерлер жәрмеңкеге жалпы көлемі 125 тоннадан астам өнімді сөреге қоймақ. Олардың қатарында 50-ден астам өнім түрлері, оның ішінде ет-сүт, жеміс-көкөніс, сүт, шұжық, ұн, жарма, өсімдік және жануар майлары және т.б. бар. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жәрмеңкеге әкелінетін азық-түлік бағасы қолжетімді әрі қала нарығындағы бағадан едәуір төмен бағаммен саудаланады.



## КЕҢЕЙТІЛГЕН АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӘРМЕҢКЕЛЕРІ

демалыс күндері мына мекенжайларда өтеді:

1. Гоголь – Масаншы көшесі (Алмалы ауданы);
2. «Қазақфильм» шағынауданы (Бостандық ауданы);
3. Абай даңғылы, Өтеген батыр көшесінің қиылысы (Өуезов ауданы);
4. Мендікұлов көшесі, Бектұров көшесі, Шевченко көшесі, Қонаев көшесінің бұрышы (Медеу ауданы).

Қала басшылығының қолдауымен ұйымдастырылып келе жатқан әлеуметтік маңызы бар іс-шараның маңызы зор. Сондықтан болар, мұндай іс-шараларды қала халқы қуана қолдап, кейде тіпті ауа райының қолайсыздығына қарамастан құнарлы әрі сапалы өнім сатып алуға жәрмеңкеге келеді. Тұтынушылар сатушылардың жақсы қарым-қатынасы үшін де дән риза.

Айта кетейік, биыл жыл басынан бері Алматы қаласында 420-ға жуық ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жыл соңына дейін демалыс күндері қосымша 90-ға жуық ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізу жоспарланып отыр.

## KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша  
ауа райы болжамы  
(бүгін және ертең)

2.11.2023

Түнде:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашын (жаңбыр, қар).

Күндіз:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:  
0-5 м/с

3.11.2023

Түнде:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:  
0-5 м/с

[www.almaty-akshamy.kz](http://www.almaty-akshamy.kz)







## ● ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚСТАН – ФРАНЦИЯ:  
ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ

Екі мемлекеттің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізілді

(Басы 1-бетте)

– Президент мырза, біз үшін бүгін үлкен оқиға. Сіздің сапарыңызды бәріміз құптаймыз. Менің шақыруымды қабыл алып, Қазақстанға ресми сапармен келгеніңіз үшін алғыс айтамын. Қазақстан мен Франция арасындағы ынтымақтастық жақсы дамып келе жатыр. Дегенмен, екіжақты қарым-қатынасқа тың серпін беру керек. Сондықтан сіздің сапарыңызды тарихи, өте маңызды деп айтуға болады. Бүгінгі келіссөздер нәтижелі болатынына сенімдімін. Оған ешқандай күмәнім жоқ, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Франция Қазақстанның Еуропа Одағындағы басты және сенімді серіктесі, сондай-ақ ел экономикасының ірі инвесторының бірі екенін атап өтті.

Өз кезегінде Эмманюэль Макрон Қазақстан мен Франция арасындағы байланыстарға жоғары баға берді.

– Президент мырза, ресми сапармен келуге шақырғаныңыз үшін алғыс айтамын. Астанаға келіп, Сізбен жүздесіп отырғаныма қуаныштымын. Осы сапарды ұйымдастырғаныңызға ризашылығымды білдіремін. Бұл сапар біздің екіжақты серіктестігіміз үшін маңызды жылмен тұспа-тұс келіп отыр. Бүгін біз өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасып, БҰҰ Жарғысын, соның ішінде аумақтық тұтастық, ұлттық тәуелсіздік қағидастарын сақтауға бейілді екенімізді тағы да нақтылай аламыз. Сонымен қатар, екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылаймыз. Біз экономикалық тұрғыдан серіктес елдерміз. Сондай-ақ, Қазақстан мен Франция арасындағы экономикалық-стратегиялық әріптестігімізді одан әрі дамыта түсетін маңызды келісімдерге қол қоямыз. Сізбен жүздесіп, ортақ күн тәртібін талқылау мүмкіндігі туғаны үшін қуаныштымын, – деді Франция Президенті.

Мемлекеттер басшылары қазақ-француз



стратегиялық серіктестігінің қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын талқылады. Саяси диалогты нығайтуға, сауда-экономикалық, инвестициялық, энергетикалық, көлік-логистикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар аударылды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмманюэль Макрон халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Екіжақты кездесуден кейін мемлекеттер басшылары келіссөздерді екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғастырды.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР  
ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Франция Президентінің Астанаға алғашқы сапары екіжақты қарым-қатынасты дамытуға тың серпін бе-

ретінін және көпжақты ынтымақтастықты мүлде жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік жасайтынын атап өтті.

– Франция – Қазақстанның Еуропа Одағындағы маңызды әрі сенімді серіктесі. Былтыр өзара тауар айналымы 30 пайызға өсіп, 4 миллиард долларға жетті. Биылғы сегіз айда екіжақты сауда-саттық көлемі өткен жылмен салыстырғанда, 21 пайызға артты, яғни 2,7 миллиард долларды құрады, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Франция бұған дейін ел экономикасына шамамен 18,7 миллиард долларға жуық инвестиция салған. Энергетика, құрылыс, агроарыш, фармацевтика, тау-кен және химия өнеркәсібі, машина жасау салаларында бірлескен жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Эмманюэль Макронның өзара тиімді қарым-қатынастарды дамытуға қосқан жеке үлесін

ерекше атап өтіп, екі ел халықтарының игілігі жолындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға Қазақстанның дайын екенін жеткізді.

Келіссөз барысында тараптар жасыл энергетика, логистика, транзит, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, цифрландыру және білім беру салаларындағы алдағы ықпалдастықтың басым бағыттарын айқындады.

Мемлекет басшысы мәдени байланыстарды дамытуға ерекше назар аударып, француз мәдениеті мен тілін Қазақстанда ілгерілету қажет екенін айтты.

Өз кезегінде Эмманюэль Макрон екі ел арасындағы Стратегиялық әріптестік туралы келісімнің қабылданғанына 15 жыл толғанын атап өтіп, Францияның өзара мүддені көздейтін түрлі саладағы екіжақты байланыстарды одан әрі нығайтуға ниетті екенін рас-тады.

– Екіжақты экономикалық қарым-қатынастар, соның ішінде ауыл шаруашылығы, энергетика, жанартылатын энергетика салаларындағы байланыстар алдағы уақытта тың серпінмен дамиды деп ойлаймын. Біз бұрынғы жобаларға да, жаңа бастамаларға да инвестиция салуды қолдаймыз. Бүгін өте өзекті мәселелерді талқыладық. Бұдан бөлек, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығымыз да қарқынды дамып келеді. Білім-ғылым салаларында нақты келісім бар. 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап Қазақ-француз университеті өз жұмысын бастайды, – деді Франция Президенті.

Сонымен қатар, екі ел басшылары өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі негізгі мәселелерге қатысты тұрақты қарым-қатынастың маңыздылығына назар аударып, халықаралық ұйымдар аясындағы диалогты тереңдету қажет екенін атап өтті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».  
(Дереккөз: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)).

## ● КӨШПЕЛІ ЖИЫН

Алматы қаласы туризм жөніндегі кеңесінің VII отырысында мемлекеттік органдар, кеңес мүшелері бизнес өкілдерімен ынтымақтаса келе, бірқатар бастаманы тиімді іске асыруға бел буды.

Осы жұмысқа орай өткізілген көшпелі іс-шара мен консультациялық кездесулер Алматыда туризмді дамытудың өзекті мәселесі мен аспектісін анықтауға мүмкіндік берді. Жиында қалалық Туризм жөніндегі кеңес туристік саланы дамыту бойынша кешенді жоспар ұсынды. Әлбетте, мұндай бастамаларды табысты енгізу үшін кеңес пен өңірдің барлық туристік қоғамдастығының күш-жігерін біріктіру қажет.

Сарапшылар туризмнің дамуына ықпал ететін 10 негізгі бағыт туралы: тау туризмі, экотуризм, этномәдени туризм, медициналық туризм, гастрономиялық сала, инфрақұрылымдық даму, мемлекеттік қолдау, халықаралық серіктестік, мамандарды оқыту мен дайындау, сондай-ақ маркетинг пен ілгерілету сынды бағыттарды атап айтты. Әр бағыт 10 нақты тармақты қамтиды. Жалпы, 100 ұсыным аталды.

Тау туризмі, экотуризм, этномәдени туризм, медициналық туризм мен гастрономия сияқты секторларды қаламызда дамыту жоғары әлеуетке ие. Осы бағыттарда барынша нәтижеге қол жеткізу үшін мемлекеттік қолдауды жандандыру маңызды. Ұсыныстардың барынша объективтілігі мен өзектілігін қамтамасыз ету үшін 100 ұсыным тізіміне толықтырулар енгізілетіні атап өтілді. Сондай-ақ, жиынға қатысушылар туристік жарна мәселесін көтерді. Биылдан бастап Алматыда туристерге 5% көлемінде bed tax жарнасы енгізілгені айтылды.

«Алматы қаласындағы шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы» шешімнің жобасында ҚР «ҚР-дағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 2-10 тармағына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туристерді орналастыру орындарында шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемесін бекіту туралы шешім қабылдағаны хабарланды. Жарна нөмір бағасына қарағанда 5% мөлшерінде

ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫ  
10 негізгі бағытта дамиды

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

белгіленді. Шетелдіктер үшін қалалар мен аудандардағы хостел, мейманхана, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болған әрбір тәулік үшін олардан туристік жарна алынатыны атап өтілді.

ЖАРНА НЕЛІКТЕН ҚОНАҚҮЙ НӨМІРІНІҢ  
ҚҰНЫНА БАЙЛАНУ КЕРЕК?

«Біз Үкіметтің bed tax туралы қаулысын жүзеге асыруға кіріскеніміз бәріне мәлім. Бұл мәселе бойынша үлкен жұмыс жасалды, түрлі алаңдарда кездесу, талқылаулар өтті. Бірақ өкінішке қарай, нарықтың ұсынысы да, біздің туризм комитетінің позициясы да ескерілмеді. Негізінде төсек-орын салығын біз бастапқыда қолдадық. Неліктен? Өйткені, бүкіл өркениетті әлем туристік жарна бойынша жұмыс істейді. Бұл еліміз үшін жаңа құбылыс емес», – деді Туризм жөніндегі қалалық кеңес мүшесі Рашида Шайкенова.

Спикердің айтуынша, жарнаның мөлшерлемесін 5 пайыз көлемінде бекіту нарық тарапынан наразылық тудырған.

«Жарна неліктен қонақүй нөмірінің құнына байлану керек?» деп сауал да қойылды. Қазақстанға келген турист 5 жұлдызды қонақүйге жайғасып, тағы туристік жарнаны не үшін төлеу керек деп ойлады. Біз жарнаны нөмір құнына байлауға қарсы шықтық. Біз оны АЕК мөлшеріне байланыстыруды ұсындық. Бірақ қателесіппіз. Неге? Себебі, бұл шешімге Алматы қалалық мәслихат 1 қазаннан бастап қол қойды. Енді бұл салықты бәріміз туристерге салуымыз керек», – деді Р.Шайкенова.

Кеңес мүшесі 5 жұлдызды қонақүй меймандарының 4 жұлдызды қонақүйдің меймандарына қарағанда, жарнаны аз төлейтіні анықталғанын айтты. Парадоксалды жағдай орын алған. «Екінші мәселе – bed tax қаражасы қайда бағытталатыны. Біз бұл мәселені

бірнеше рет көтердік, бірақ нәтиже жоқ. Бұл туризмнің ақшасы мен ол туристік қажеттілікке нақты бағытталуы керек. Ал қажеттілік баршылық. Қазір бұл сома Мемлекеттік кірістер комитетіне белгілі бір шотқа аударылады. Яки, бұл ақша жалпы бюджетке араласып кетеді, әрі біз бұл ақшаның туризмді дамытуға қалай тартылатынын білмейміз. Сондықтан бұл ақшаны таңбалау керек деп санаймыз», – деген кеңес мүшелерінің сөзіне де ден қойдық.

Сондай-ақ, кеңес мүшелері көптеген қонақүй bed tax алынғанын растайтын қаржылық құжатты беруден қорқақтайды деген мәселе көтерді. Себебі, ертең салық органының қызметкері, bed tax туралы білмей, қонақүйге хабарлама мен осы сомаға салық төлеуді талап етіп келуі ықтимал. «Сома қомалы, үш айда бір рет қонақүй бұл ақшаны салық органдарына тапсырады. Өрине, қонақүйлер бұдан қорқақтайды», – дейді кеңес мүшелері.

Алматы қаласының туризм жөніндегі кеңесі отырысының аясында қаланың туристік индустриясын дамытуға байланысты бірнеше негізгі мәселеге назар аудардық. Талқылауға белсенді қатысқаны үшін қатысушыларға алғыс білдіріп, күрделі мәселені шешуде құрылымды диалогтың маңызы атап өтілді. Меніңше, туристік жарна мәселесі – қосымша қаржылық түсім ғана емес, сонымен бірге, шетелдік туристер үшін көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, сондай-ақ Алматының негізгі туристік бағдарда ілгерілету.

Бұл ілгерілеу бірлескен күш-жігермен қаламызда туризмнің өркендеуіне ықпалы шешім табуға ықпал ететініне сенім білдіреді. Сондай-ақ, пікірталаста «төсек-орын салығын» енгізудің өзектілігі мен оны таратудың ашық механизмінің қажеттілігі барын атап өтілді. Қорыта келе айтарым, міндетіміз – әрбір турист үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта құру қажеттігі. Осыны жадымыздан шығармасақ, қала игілігі үшін жұмысымыз жандана түсері анық.

Өлішер ТҮРСЫН,  
сарапшы.





## САРАПТАМА

## ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫ

Бұл саммитте қандай тақырыптар талқыланады?

Ертең, 3 қараша күні түгел түркі баласы Арқа төсінде бас қосып, арқа-жарқа әңгіме дүкенін құрғалы отыр. Нақтырақ айтқанда, мерекелік оныншы саммитте ұйымға мүше елдер мен бақылаушы мемлекеттердің басшылары бас қосады. ТМҰ сонау 2009 жылдан бері ішкі диалогты біртіндеп дамытып, бұл күнде халықаралық ұйым деңгейіне көтерілді. Бір кездері түбі бір туысқан елдер арасындағы кеңес ретінде біріккен диалог алаңы қазір ұлғайды. Ұйымның халықаралық ықпал-беделі де біртіндеп артып келеді. Қазіргі жаһандық жағдайдан, халықаралық күрделі қарым-қатынастардың сынынан алып қарағанда, ұйымның іргесі кеңейіп, ішкі бірлігінің арта түсуі әр тарап үшін пайдалы. Елордамызда өткелі тұрған кезекті жиынның мәні мен маңызы да осы тұстан анық көрінеді.

Кенестен ұйымға  
айналған алаң

Баршаға түсінікті, кезекті жиын түбі бір түркі елдерінің ресми халықаралық ұйым ретінде екінші рет бас қосуы болғалы тұр. 2021 жылдың қарашасына дейін Түркі кеңесі, яғни Түркі тілдес елдердің ынтымақтастық кеңесі ретінде бас қосып келді. 2009 жылдан бері бұл алаң тек өзекті мәселелерді талқылауға бағытталды. Ортақ мақсат-мүдде аясында нақты келісімдер мен бағдарламалар тым аз болды. Екі жыл бұрын Стамбулда өткен отырыста бауырлас елдердің платформа-сы Түркі мемлекеттерінің ұйымы болып өзгерді. Анығында, Түркі кеңесінің халықаралық ұйымға айналуы уақыт пен үрдістің өз талабы болатын. Осыдан кейін ұйымға мүше елдер болашаққа ортақ көз тас-



тайтын стратегиялық құжаттарды қабылдай бастады. Айталық, «Түркі әлемінің көзқарасы –2040» атты стратегиялар осының дәлелі. Бұл серпілді жаңа кадам түркі елдерінің арасындағы қарым-қатынасты тереңдетіп, ұйымның қызметін барынша дамытуға мүмкіндік бергені анық.

Ең алдымен ТМҰ-ның ішкі экономикалық байланыстарға жаңа екпін бергенін айтқан жөн. Түркі кеңесі халықаралық ұйымға айналған соңғы екі жылдың өзінде ішкі тауар айналымы 4 млрд долларға көбейді. Ұйымға мүше елдер арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың жаңа деңгейін қазіргі жаһандық экономика жағдайында әр елге үміт ұялатады. Оның үстіне, ұйымға мүше елдердің бірегей географиялық аймақта орналасуы да болашақ әлем экономикасы үшін аса маңызға ие болатынын да көрсетеді. Қытайдан Еуропаға дейінгі Еуразия құрлығының кіндігінде теңіз және әуе жолдарына балама сапалы құрлық өткелін ұсыну осы елдердің ортақ мүдесі мен мақсатына айналып келеді. Бұл тұрғыда ұйымды болашақта әлем экономикасы мен геосаяси тұрақтылыққа ықпал етуші күш ретінде де елестетуге болады.

Кезекті жиындағы келелі  
тақырыптар

Астанадағы басқосу ұйымның мерейтойлық жиыны болғандықтан өткен мен ертеңге,

оң мен солға көз тастаудың сәті түспек. Бұл басқосуда ұйым жаңа мүшелермен толығыуы да мүмкін. Айталық, бұған дейін бақылаушы ретінде қатысып келе жатқан Түркіменстан мен Мажарстан ТМҰ-ның ресми мүшесі аталуы бек мүмкін. Бұның алғашқы белгілері де байқалғандай. Мажарстан премьері Виктор Орбан ресми сапармен дүбірлі жиыннан бір күн бұрын келіп түсті. Қазақ-венгер қарым-қатынасын дамытудан тыс, Орбанның сапар күн тәртібінде ұйымдағы өзге елдермен де қарым-қатынасты дамыту жоспарлары бар. Бұл жайында Мажарстанның ақпарат құралдары да сөз еткен болатын. Ал жиын қарсаңында Түркия президентінің Түркіменстанға жасаған сапары да жоғарыдағы болжамды растай түсетіндей. Екі елдің Президенттері ортасындағы кездесуде Түркия Президенті өзінің бұйымтайын да айтты. Онда ол Түркіменстанды ТМҰ-ның толыққанды мүшесі ретінде көргісі келетінін айтқан болатын. Әрі жаһандық жағдайға байланысты бауырлас халықтардың ішкі бірлігінің маңыздылығы да сөз болды. Міне, осындай дипломатиялық іс-қимылдар легі Түркіменстан мен Мажарстанның ТМҰ мүшелері қатарынан көреміз деген үмітке шырақ жағып тұр.

Елордамызда өткелі тұрған мерейтойлық саммитте бұлармен қатар өзге де ортақ тақырыптар бар. Тараптар көлік тасымал дәліздерін ортақ дамыту тақырыбын да үстел үстіне қояры анық. Транс-каспий бағытын

дамыту Каспийдің екі жағалауындағы бауырлас халықтардың байланысын жақсартуда үлкен септігін тигізеді. Ұйым мүшелері де, сыртқы ірі нарық пен өндіріс ошақтары да қажет ететін бұндай жобаларды ортақ жүзеге асыру Түркі әлемінің ғасырлық мүмкіндігі деуге де болады.

Сондай-ақ, бұл жиында ТМҰ мүшелері түрлі жаратылыстық апаттарда, төтенше жағдайларда ортақ әрекет етуге мүмкіндік беретін жаңа келісім құжаттарын да қарайды деп күтілуде. Түркиядағы жойқын жер сілкінісі, Қазақстандағы бірнеше реткі орман өрттері, өзге елдердегі жарылыстық апаттардан болатын қайғылы оқиғалар бауырлас елдерді ортақ жұмылуға шақырады. ТМҰ елдері ортасында азаматтық қорғау тетігін құру мақсатында жаңа нормативтік-құқықтық негіздемелер қабылдау күн тәртібінде тұр.

100 жастағы Түркия және  
бірлікке бастаушы Қазақстан

Жақында ғана Түркия Республикасының құрылғанына 100 жыл толды. Астанада бас қосқан бауырлас мемлекеттің басшылары анадолылық ағайынды бұл мерейлі мерекемен құттықтайтыны анық. Республиканы негіздеуші Мұстафа Кемал Ататүріктен Президент Режеп Тайып Ердоғанға дейінгі Түркияның даму жолы, әрине өзіндік өскелең құрметке лайық. Халықаралық аренада айтулы беделге, белгілі ықпал-күшке не Түркия соңғы жылдары бауырлас елдердің бірлігіне мүделі екенін танытып жүр.

Әрине, ұйымдағы әр бауырлас елдің орны мен маңызы айрықша. Қазақстан да ұйымдағы өз орны мен маңызын айқын көрсетіп келеді. Әу баста түркі текті мемлекеттерді бірлікке шақырып, түрлі халықаралық платформа ұсынған ел ретінде Қазақстан ТМҰ-ның негізгі ұйтқысының бірі. Былтыр Өзбекстанда өткен жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та бауырлас елдердің бірлігін арттыруда қазақ елінің ұдайы белсенді әрі шынайы бастамалар көтеріп келе жатқанын айтып өтті. Әрі тұтас түркі халықтарының атажұрты ретінде Қазақстан ұйымға мүше барлық елмен жан-жақты қарым-қатынасты дамыта беретінін жеткізген болатын. ТМҰ сынды енді қалыптасып келе жатқан халықаралық ұйымның негізгі міндеті – міне, осындай етене елдердің мүддесін ортақтастыру. Әрі тараптарға тең игілік ежелетін іс-қимылдарды үйлестіру болып табылады.

Естай БОЖАН,  
сарапшы.



## БАЙЫПТАМА

## ҚАЗАҚ–МАЖАР ҚАТЫНАСЫ:

## БАУЫРЛАСТЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТЕРЕҢДЕЙ ТҮСЕДІ

Ертең Астанаға Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан ресми сапармен келеді. Бұл – Виктор Орбанның елімізге жасап отырған төртінші ресми сапары. Сапар барысында елдеріміз арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты одан әрі кеңейтуге қатысты келіссөз жүргізеді деп жоспарланады. Осы орайда екі елдің қарым-қатынасына шолу жасасақ.

## Екі ел де мүдделі еді

Мажарстан атауын естігенде көпшілікке бейтаныс ел болып көрінуі де мүмкін. Бәрімізге Венгрия деген атаумен белгілі. Дегенмен, Мажарстан дегенге етіміз үйренуі қажет. Себебі, екі елдің тарихи байланысы бар. Мажарстанда XIII ғасырдың бірінші жартысында Торғай даласынан қоныс аударған қыпшақ тайпаларының ұрпақтары өмір сүруде. Сондай-ақ, ғұндардың Еуропаға ұлы қоныс аударуы да Мажар ұлтының қалыптасуына әсер етті. Қазақтар мен Мажарларды алыс туысқан десек те болады.

Кеңес Одағы ыдырап, еліміз тәуелсіздік алған кезде екі елдің қарым-қатынасы жаңа деңгейге өтті. Мажарстан алғашқылардың бірі болып еліміздің тәуелсіздігін мойындады. Бұл маңызды саяси оқиға 1991 жылдың 26 желтоқсанында болған.

Қазақ-Мажар дипломатиялық қатынастары 1992 жылы 23 наурызда орнатылды. Дипломатиялық қатынас деген не? Халықаралық қатынастарда суверенді мемлекеттер арасындағы ресми қатынасты сақтаудың формасы. Яғни екі ел дипломатиялық қатынас орнату арқылы бір-бірінің егемендігі мен тәуелсіздігін мойындайды. Ал суверенитет дегеніміз, елдің сыртқы саясатта тәуелсіз болуы мен мемлекеттік биліктің ішкі саясаттағы заңды билігі.

Дипломатиялық қатынастар мемлекеттер арасындағы достық қатынасты дамытуға, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға септігін тигізеді. Мұндай қарым-қатынас екі елде елшіліктер болмаса да жүзеге аса беруі мүмкін. Алайда,

елшілік ашылған кезде ғана толыққанды дипломатиялық қатынас орнатылады. Осы орайда 1993 жылы наурызда Мажарстанның Қазақстандағы елшілігі ашылды. Сол жылы қыркүйекте Қазақстанның Мажарстандағы елшілігі жұмысын бастады.

Стратегиялық байланысты  
орнату жеңіл болған жоқ

Қазақстан мен Мажарстан арасындағы қарым-қатынас стратегиялық сипатқа ие. Алайда, мұндай жоғары деңгейдегі байланысқа бірден жете қойған жоқпыз. «Қазақстан және Мажарстан арасындағы стратегиялық ынтымақтастық туралы бірлескен декларация» Мажар астанасы Будапештте қабылданды. 2014 жылдың 3 шілдесінде екі ел басшылары құжатқа қол қойған еді. Қарап тұрсақ ұзақ уақыттан кейін ғана стратегиялық қатынас орнады. Әйтпесе дипломатиялық қатынас 1992 жылы орнатылған. 2007 жылы сол кездегі Мажарстанның Қазақстандағы елшісі Янош Немет берген сұхбаттарында мұны екі елдің ішкі мәселелерге аса мән беруімен түсіндірген. Оның айтуынша, екіжақты байланыс 1998-1999 жылдары жоғары болған.

Мемлекеттер қарым-қатынасы жоғары деңгейде ме деген сұраққа ресми сапарлар жауап береді. Елдердің басшылары ресми сапарлар жасаса, демек қарым-қатынас жоғары деңгейде деген сөз. Бұл жағынан қарайтын болсақ, Янош Неметтің сөзімен келісуге болады. Мажарстан парламенттік басқару нысанындағы республика болғандықтан саяси жүйеде заң шығарушы органның рөлі басым. Сыртқы саясатта Премьер-министр белсендірек. Ал президент номиналды басшы. Соған сәйкес елімізге Премьер-министрлер жиі ресми сапармен келген. Бұл жолы Виктор Орбанның төртінші ресми сапары болмақ. Ол алғаш рет 2013 жылы елімізге келген еді. Одан кейін 2015, 2019 жылдары қонақ болды. Ал экс-президент П.Шмитт 2010 жылы ресми сапармен келді.

## Түпкі мақсат – көпжақты байланыс

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мажар-

станның Президенті Каталин Новак биыл кездескен болатын. Кездесу БҰҰ Бас Ассамблеясы 78-сессиясының аясындағы екіжақты келіссөздер бағдарламасы бойынша 18 қыркүйекте өтті. Онда Мемлекет басшысы бауырлас халықтар арасында тарихи және мәдени байланыстарға негізделген стратегиялық серіктестік орнағанын атап өтті. «Бауырлас халықтар» деп айтуының өзінде терең саяси мән бар. Яғни стратегиялық қарым-қатынас тек бүгінгі прагматикалық байланыспен ғана емес, тарихи-бауырластық сипатта жалғасады. Сондай-ақ, Президент Мажарстанның түркі ынтымақтастығын нығайтудағы белсенді ұстанымын және елеулі үлесін жоғары бағалады.

Мажарстан Түркі мемлекеттер ұйымына бақылаушы мемлекет. Мажарстанның премьер-министрі Виктор Орбан Қазақстанға тек екіжақты байланыс орнату үшін ғана емес, түркі мемлекеттері арасындағы көпжақты қарым-қатынасты орнатуға келгелі отыр. Себебі, 3 қарашада Астанада Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) мерейтойлық X саммиті өтеді. Жиынға Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер – Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан президенттері, сондай-ақ ТМҰ-ға бақылаушы мемлекеттер – Мажарстан мен Түркіменстан көшбасшылары қатысады деп күтілуде.

## Сауда-саттыққа мол мүмкіндік бар

Биыл 27 қаңтарда Қазақстанның Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров Мажарстанға жұмыс сапарымен барды. Ол өз сөзінде екіжақты экономикалық байланысты жоғары бағалады. 2022 жылдың қаңтар-қараша айларында екіжақты сауда 29%-ға өсті деп мәлімдеме жасады.

Ол қаржы саласында («Астана» халықаралық қаржы орталығы), ауыл шаруашылығы, энергетика, жүк тасымалы, IT, экология және гуманитарлық салада ынтымақтастықты дамытуға мол мүмкіндік бар екенін атап өтті.

Пердехан ШӘМШИЕВ,  
сарапшы.







## БРИФИНГ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласының Кәсіпкерлер палатасы өкілінің қатысуымен брифинг өтіп, онда Алматының халықаралық саудадағы рөлі туралы айтылды. Ол рас, Алматы – Қазақстанның ірі қалалық экономикасы бар қаржы мегаполисі. Сонымен қатар, бұл шаһар – негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткішпен көш басында.

## АЛМАТЫ – КӘСІПКЕРЛЕР ҚАЛАСЫ

### Мегаполис ел бюджеті түсімінің төрттен бірін құрайды



**Айнабай  
Мәди**

#### ШАҒАРДЫҢ БӨЛШЕК САУДАДАҒЫ ҮЛЕСІ – 31,4 ПАЙЫЗ

«Алматы – ЖІӨ-нің бестен бір бөлігін, ел бюджеті түсімінің төрттен бір бөлігін құрайды. Сондықтан бұл қала экономикалық орталық болып саналады. Қала экономикасының ЖӨӨ құрылымында сауда мен қызмет көрсету салалары басым тұр, олардың үлесі – 86,1%», – деді Алматы қалалық Кәсіпкерлер палатасының халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы Айнұр Баспакова.

Спикердің айтуынша, қала экономикасының басым бөлігін шағын және орта бизнес құрайды – 57,5%. Онда 869 мың адам немесе экономикалық белсенді халықтың 83%-ы жұмыс істейді. 2022 жылы шығарылған ШОК өнімінің көлемі 15,7 трлн теңгені құрады, өнеркәсіп өнімінің нақты көлемінің индексі (НКИ) – 131,1%. Сонымен қатар, А.Баспакова атап өткендей, бизнесті мемлекеттік қолдау бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында қаржылай және қаржылай емес қолдау құралдарының кең жиынтығы тартылды. 2023 жылғы қаңтар-мамырда республиканың бөлшек саудасының жалпы көлеміндегі ең көп үлес салмағы – Алматы (31,4%) және Астана (12,2%) қалаларына, сондай-ақ Қарағанды (7,7%) және Шығыс Қазақстан (6,3%) облыстарына тиесілі.

«Алматы – еліміздің сауда қатынасының ірі орталығы. Мұнда сауда, қызмет көрсету, өндіріс салаларында Қазақстанның шағын және орта бизнес кәсіпорындарының ең көп саны шоғырланған. Шет мемлекеттердің барлық бас елшіліктері Алматыда орналасқан, біз олармен достық, серіктестік қатынастар орнаттық. Олармен тұрақты негізде өзара іс-қимыл жасап, ақпарат алмасып, бірлескен кеңестерге қатысамыз. Маңызды іс-шаралар ұйымдастыруға жәрдемдесіп, шетелдік компанияларға қолдау көрсетеміз, сауда-экономикалық қатынастарды дамыту үшін ын-

тымақтасамыз», – деп жалғастырды А.Баспакова.

#### TRADEX ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА ФОРУМЫ ӨТТІ

Мәселен, жыл басынан бері Кәсіпкерлер палатасы Қытайдың 7 провинциясы сауда палаталарының өкілдіктерімен, сауда палаталарымен, соның ішінде Фейсалабад, Лахор (Пәкістан) қаласындағы әйелдер сауда палаталарымен меморандумға қол қойды. Сондай-ақ, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен өзара қарым-қатынас белсенді түрде орнатылуда. Вьетнам, Индонезия, Тайланд өкілдерімен кездесу мен іс-шаралар өткізілді.

2 қарашада Малайзия делегациясымен кездесу өтеді. Таяу Шығыс, Еуропа, ТМД, АҚШ елдерімен ынтымақтастық орнады. Сонымен қатар, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, Қазақстанның сыртқы сауда палатасы қазақстандық кәсіпкерлердің халықаралық байланыстарын дамытуға жәрдемдесу үшін халықаралық іс-шаралар: форум, конференция, B2B кездесу ұйымдастырып, өткізеді.

«Біз шетелдік делегациялардың өкілдерімен бірінші болып кездесеміз, оларға еліміздегі мүмкіндікті таныстырамыз. Кәсіпкерлер кез келген уақытта бізбен хабарласып, белгілі бір елмен өз бизнесін дамыту мүмкіндігі туралы ақпарат ала алады. Біз сауда серіктесін іздеу, экспортқа шығу үшін консультациялық қызмет көрсетеміз. Kazakh Export және QazTrade ұлттық компаниялары отандық өндірушілерге экспортта қолдау көрсетеді. «Қазақинвест» инвестициялық жоба мен инвесторларға тікелей қолдау көрсетеді», – деп толықтырды спикер.

Кәсіпкерлер палатасының, Қазақстанның сыртқы сауда палатасының, Сауда және консалтингтік компаниялар қауымдастығының қолдауымен Алматыда сауда, халықаралық сауда туралы мамандандырылған іс-шара – Tradex халықаралық сауда форумы өтті. Онда жеткізу тізбегі, сауда саясатындағы үрдіс, логистика, электрондық коммерция, франчайзинг мәселесі талқыланды. Іс-шараға 500-ден астам кәсіпкер қатысты.

## ОТАНДЫҚ ТУРИЗМ

## ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ САЯХАТ

Алматыда зейнеткерлерге арналған экскурсиялар басталды

Алматыда 26 қазаннан 8 қарашаға дейін зейнеткерлер үшін Алматы қаласы мен Алматы облысында орналасқан нысандар бойынша экскурсиялар өткізіледі.



**Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Іс-шараларды Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы Алматы қаласының Туризм басқармасымен бірлесіп «Белсенді ұзақ өмір» жол картасы аясында іске асырады. Олардың мақсаты – егде жастағы адамдарды белсенді өмірге тарту, олардың әлеуетін ашу, өмір сүру сапасын жақсарту, ғұмырларының ұзақ болуына ықпал ету мен әлеуметтік және психологиялық жағдайларын жақсарту.

– Бұл іс-шаралардың аға буын өкілдеріне қолдау көрсетуде маңызы зор. Игі шаралардың арқасында егде жандар өзара араласады, тәжірибе алмасады, әңгіме-дүкен құрады. Олардың белсенділігін арттырып, қоғамның маңызды мүшелері болуларына ықпал етеді, – деп атап өтті Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов.

26 қазанда Шарын каньоны бойынша тур өтті. Экскурсияға 100



адам қатысты. Саябақ қызметкерлері оларға ең әдемі жерлерді көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар каньон тарихын егжей-тегжейлі айтып берді. Қатысушыларға экскурсия өте ұнады. Олар каньонның көрнекті жерлерінің бірі – құлды бір белгісіз алыптар жасағандай мұнараға ұқсайтын жартас шөгінділерден тұратын құлыптар алқабына барды.

Айта кетерлігі, кез келген жастағы туристер үшін ұлттық саябақтың аумағында жағымды демалыс үшін барлық жағдай жасалған. Ұзақ серуендеуден кейін тур қатысушыларын дәмді түскі ас күтіп тұрды.

Зейнеткер Бақыт Омарованың айтуынша, каньонға экскурсия ол үшін елеулі оқиға болды және ол басқа экскурсияларға қуана қатысады.

– Әдемі көріністен ләззат алу,

жағымды эмоциялар алу, қарым-қатынас жасау – бұл шынымен де үлкен рахат және өте жағымды әсер қалдырады. Ұйымдастырушыларға осы тамаша мүмкіндік үшін алғыс айтамын, – деді ол.

– Бақыттың өзі жақсы демалудан да құралады, – деп толықтырды зейнеткер Раиса Мамбетова. Ол да ұйымдастырушыларға шын жүректен алғысын білдірді.

Алдағы күндері Есік көлі мен Алматы қаласы бойынша турлар жоспарланған, онда зейнеткерлер жақсы демалып, барлық көрікті жерлермен таныса алады. Алматы қаласының тарих мұражайына, Вознесен кафедралды соборына, Ықылас атындағы музыкалық аспаптар мұражайына, «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортына және қаланың басқа да маңызды орындарына бару жоспарланып отыр.

## ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР



## ALMATY FOOD FEST

### гастрономиялық фестивалі өтеді

Демалыс күндері Алматыда халықаралық **Almaty Food Fest** гастрономиялық фестивалі өтеді. Іс-шара кезінде Абай атындағы алаң бірнеше тақырыптық аумаққа бөлініп, онда кез келген адам әлем асханаларының түрлі тағамдарынан дәм тата алады. Іс-шара Алматы қаласының Туризм басқармасының ұйымдастыруымен өтеді.



**Досбол  
АТАЖАН**

Туристтік бағыттарды таңдау кезінде саяхатшылардың тағамдарға қатысты талғамы маңызды рөл атқаратыны белгілі. Бүгінгі таңда туристердің көбі жергілікті мәдениетпен тереңірек танысуды қалайды. Ұлттық тағамдар – төл мәдениеттің бір бөлшегі. Сондықтан гастрономиялық туризм дамып, бүкіл әлем бойынша танымал трендке айналып келеді. Шетелдік қонақтарға белгілі бір елдің тарихын, салт-дәстүрі мен мәдениетін жақсырақ түсінуге мүмкіндік бе-

ретін гастрономиялық фестивальдердің аспаздық туризм секторындағы маңызы зор.

– Almaty Food Fest – Алматының туристер мен нағыз талғампаз гурмандарды тартатынына айқын дәлел бола алады. Бұл іс-шара ұлттық мәдениет пен асханамыздың байлығын көрсетіп, қонақтарға жергілікті салт-дәстүрлер мен мәдени ерекшеліктерді айықтай түсетін атмосфераны сезіну мүмкіндігін ұсынады. Сондай-ақ, фестиваль шетелдік, әрі жергілікті саяхатшыларды тарта отырып, қаламыздың гастрономиялық туризмнің негізгі бағыты ретіндегі әлеуетін арттыруға септігін тигізеді, – дейді Алматы қаласы Туризм басқармасының жетекшісі Ғалия Токсейітова.

Almaty Food Fest екі күн қатарынан өтеді. Шара өтетін орын ретінде Абай атындағы алаң (Республика сарайының алдында) таңдалған, ол бірнеше аспаздық аумаққа бөлінеді. Мұнда әлемнің түрлі ұлттық тағамдары ұсынылады, оның ішінде азиялық, америкалық, грузин, мексикалық және қазақтың ұлттық тағамдары да бар. Жалпы алғанда, Алматының 40-тан астам танымал тамақтану орны, оған қоса, колөнершілер мен фермерлер өз өнімдерін ортаға салмақ.

– Гастрономиялық фестивальдер мейрамханалар мен жергілікті тағам өнімдерін өндірушілерге бәсекелестерінен өзгешеленіп, көзге түсуге көмектеседі. Тағамдар – елдің өзіне ғана тән болмысын паш ететін ерекше аспект. Сондықтан мұндай ауқымды гастрономиялық шаралардың өтуі жергілікті экономиканы қолдауға, тұрақты туризмді насихаттауға, сонымен қатар, мәдени және ұлттық мұраны тереңірек түсінуге елеулі үлес қосады, – деп пікір білдірді бас аспаз Александр Прошенков.

Қонақтарға гастрономиялық ойын-сауық шаралары да ұсынылмақ, фестиваль аясында аспаздық шоулары мен әлемдік деңгейдегі бас аспаздардың шеберлік дәрістері, бармендер мен баристалар сайысы, фермерлік өнімдер мен шеберлердің қолынан шыққан бұйымдар сатылатын жәрмеңке ұйымдастырылады. Almaty Food Fest 2023 шарасының шетелдік қатысушылары қатарында Ұлыбритания, БАӘ, Катар мен басқа да елдердің фуд-блогерлері бар. Олар фестиваль кезінде ұсынылған ұлттық аспаздық туындыларға бейнешолу жасайды. Almaty Food Fest шарасына келетін қонақтардың саны 10 мың адамнан асады деп көзделіп отыр.





## КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ



## КЕПТЕЛІС АЗАЯДЫ

Әйтеке би көшесін  
ұзарту жұмыстары  
аяқталды

Алмалы ауданындағы жол желісінің кептеліс деңгейін төмендету, сондай-ақ көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында Әйтеке би көшесінің Байтұрсынов көшесінен Досмұхамедов көшесіне дейін ұзарту жұмысы жүргізілді.

Жол-құрылыс жұмыстары маусым айында басталып, қазан айында аяқталды. Ұзындығы 142 м., жүріс бөлігінің ені 11,5 м., екі жағында тротуары бар жаңа жол салынды. Сондай-ақ, инженерлік коммуникациялар қайта құрылды және сыртқы жарықтандыру орнатылды.

Жолдағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және апаттық жағдайдың алдын алу мақсатында Әйтеке би көшесінің ұзартылған бөлігінде шығыс бағытта көліктер тек оңға бұрыла алады. Ал батыс бағытта – тіке жүруге, оңға және солға бұрылу мүмкіндігі бар. Бүгінде аталған аумақта тиісті жол таңбаларын сызу және жол белгілерін орнату жұмыстары аяқталып, қозғалыс ашылды.

## ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

## ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

жол сапасын арттырудың тиімді құралы

Алматыда қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша жұмсақ әрі «қалқымалы» кәріз люктері орнатылуда. Қазіргі уақытта осындай 943 люк қойылды.

Жұмсақ люктердің жобасы аудандық әкімдіктер мен коммуналдық қызметтердің күшімен жолдарды жөндеу, сондай-ақ Алматы қалалық Мобильділік басқармасының магистральдық көшелерін орташа жөндеуі аясында іске асырылды. Бұл люктерді қалалық Мобильділік басқармасы былтыр Достық, Назарбаев, Абай даңғылдары мен Қабанбай батыр көшелерінде тәжірибе ретінде орнатты.

Жол жөндеушілердің бақылауына сәйкес, люктер көлік құралдарының қолданыстағы жүктемелеріне оң әсер етіп, беріктігін сақтайтындығын көрсетті. Жол жабынының пайдалану сапасын жақсарту үшін мұндай люктер көлік қозғалысы көп көшелерде (Райымбек, Төле би, Шалыпин, Дулати, Навои, Қалдаяқов, Шевченко, Құрманғазы, Қабанбай батыр, Майлин, Бекмаханов, Сүйінбай және т.б.) пайдаланылды.

Жалпы, Алматының жолдары мен тротуарларында су арнасы, жылу, газ және телефон желілері сияқты түрлі кәсіпорындарға тиесілі 40 мыңнан астам кәріз люгі орнатылды. Дегенмен, кәріз люктері жиі ұрланады. Осы жылдың басынан бері 500-ге жуық люк ұрланған. Сондықтан әрбір қалалық кәсіпорын өз қызметіндегі барлық



люкті қадағалайды, өйткені ашық немесе зақымдалған люктер тұрғындарға қауіп төндіруі мүмкін.

Люктің қызмет ету мерзімі  
едәуір артады

Биыл 22 маусымда ОКҚ брифингінде мегаполис басшысы қаланың 6 ықшам-ауданында 25 шақырым жаңа жол салу және полимерлік қоспаларды пайдалана отырып, 200 шақырым орташа жөндеу жүргізу жоспарлары туралы хабарлаған еді. Осы жұмыстар аясында механикалық және температуралық жүктемелерге төтеп бере алатын 8 мың «қалқымалы» люк орнатылады. Жаңа технологияларды пайдалану жолдарды орташа жөндеуді жүргізу мерзімін 5 жылдан 10 жылға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жұмсақ люк кәріз желілерінің тірек сақиналарына бекітілмейді, бұл конструкция жүктемесін 50%-ға төмендетеді және темірбетон элементтері жүктемелерін



## КЕРЕК ДЕРЕК

Қазіргі уақытта қалада ұзындығы 3097 шақырым 2746 көше бар, оның ішінде 69 магистральды көше, ұзындығы 130 шақырым. Қаланың көше-жол желісінде шамамен 40 119 бірлік және 21 000 бірлік жанбыр қабылдағыш бар.

тұрақтандырады. Сонымен қатар, температура өзгерген кезде люктің астындағы жол төсемі бұрынғы қалпын сақтайды. Қалқымалы корпусы бар люктер асфальтпен бірге қозғалады. Бұл желінің, жалпы люктің де қызмет ету мерзімін едәуір арттырады.

## «ЖАСЫЛ АЛМАТЫ»

## КҮЗДЕ 300 МЫҢҒА ЖУЫҚ АҒАШ ЕГІЛЕДІ

«Күз басында ағаш отырғызу көшеттерді стресске ұшыраудан сенімді қорғайды», – деді Қазақстанның көгалдандырушылар қауымдастығы (АОК) Кеңесінің хатшысы, Almaty Garden Show бас дизайнері Бибігүл Датхабаева. Қазіргі климаттық жағдайда өсімдіктерді отырғызу үшін 2-3 апта ғана бар.

«Қыстан кейін ыстық жаз бірден басталады, өсімдіктер бірден өсіп, гүлдене бастайды. Осы уақытта қайта отырғызу үлкен стресс. Егер сіз белгіленген қысқа мерзімде аяқтамасаңыз, онда көп ағаштың өспей қалу қаупі бар, әсіресе бұл қалада көшеттерді жаппай отырғызу кезінде. Күзде стресс әлдеқайда аз, барлық агротехникалық норма мен ереже сақталған

жағдайда өсімдік қазір жақсы тамырланып, көктемде көктейді», – деді Бибігүл Датхабаева.

Ландшафт дизайнері көптеген ағаш түрі күзгі отырғызуға жарамды екенін атап өтті. Көгалдандырушылар Алматының климаттық жағдайына ыңғайлы көшеттерді еккен.

«Қазір көгалдандырушылар қарағаш, емен, үйеңкі, шаған, терек, катальпа, қайың, акация, шырша және жеміс (алма, шие, алмұрт, өрік) отырғызып жатыр. Бұлар қалалық жағдайға, қыста төзімді, күй талғамайды. Олар оңтүстік астананы көгалдандыруда бұрыннан қолданылып келеді, шаһардың тарихи жасыл желегін қалыптастырған. Сондықтан меніңше, жаңа көшеттер жасыл қорды толықтырумен қатар, қаланың қалыптасқан көгалдандыру стилін өзгертпей, үйлесімді етеді», – деді Бибігүл Датхабаева.

Сарапшы көгалдандыру жұмыстары қаланың үлкеюіне қарай жүргізілуі керек дейді. Алматы қарқынды дамып келеді, бақ қала мәртебесін сақтау үшін жасыл қорды сақтап, үнемі толықтырып отыру маңызды.

Айта кетейік, биыл Алматыда 320 мың



ағаш отырғызу жоспарланған, оның 20 мыңы көктемде, 300 мыңы күзде егіледі.

## КӨГАЛДАНДЫРУ

ТИІСТІ КҮТІМ  
МЕН СУ ҚАЖЕТ

Биыл Алматыда 320 мың жасыл желек отырғызылады. Оның 22 мыңы көктемде егіледі. Енді күзгі кезең жалғасып, жыл соңына дейін барлығы 298 мың ағаш егіледі. Қазір 63 мыңға жуық ағаш отырғызылды.

Алматы қаласының Алмалы ауданы бойынша жасыл комиссия басшысы Омар Нұрхайдаровтың айтуынша, ағаштар жайқалып өсуі үшін тиісті күтім мен су қажет, әйтпесе іс-шаралар оң нәтиже бермейді. Сондықтан бүгінде егілетін орынға автоматты суару жүйесі орнатылған. Бұған қоса, 2023 жылы қабылданған жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау қағидасына сәйкес, жеткізушілер 3 жылға дейінгі ағаштарды күтіп-баптауға міндетті.

– Көгалдандырушылар жасыл қорды дамыту үшін барын салып жатыр. Маусымнан қазанға дейін қураған және апатты жағдайдағы ағаштарды кесу жұмыстары жақсы ұйымдастырылды. Биыл біз өте көп мөлшерде қураған ағаштарды кестік. Қазір қаланың барлық ауданында ағаштарды күзгі отырғызу жүріп жатыр, – деді Омар Нұрхайдаров.

Ол күзгі отырғызуға шаған ағашына артықшылық берілетінін айтты, өйткені ол салыстырмалы түрде күй талғамайды, сирек ауырады.

– Байқасаңыз, емен, каштан мен қарағаш зиянкестерден зардап шегеді. Шаған ағашында әзірге, мұндай зиянкес жоқ, бұл ағаштар тамырланып, жақсы өседі. Мамығы көп болғандықтан, көптеген тұрғын терек егуге қарсы, бірақ биыл біз мамық бермейтін аталық терек отырғызамыз. Олар қала климатына тез бейімделіп, жайқалып өсіп, ауаны тазартуда сүзгінің қызметін атқарады, – деп сөзін түйіндеді сарапшы.

Бетті әзірлеген  
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

## РЕКОНСТРУКЦИЯ

## СУБҰРҚАҚТАР МАУСЫМЫ АЯҚТАЛДЫ

Мамандар күзгі-қысқы кезеңде құрылыстарды консервациялау бойынша жұмыс жүргізді. Осы жұмыстар барысында субұрқақ нысандарындағы су ағызылды, тостағандар мен құбыр жүйелері тазартылып, тиісті жабдықтар шығарылды. Оларды қыс мезгілінде келесі жұмысқа дайындау жоспарлануда.

Қазіргі уақытта Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы 24 субұрқақты реконструкциялау жобасын әзірлеуде.

«Біз қаланың коммуналдық меншігіндегі реконструкцияланатын субұрқақтардың тізімін жасадық. Бұлар – Саң атындағы балалар мен жасөспірімдер театры, Цирк, Республика алаңының қарсы бетіндегі қала әкімдігі, Жамбыл ескерткіші мен Медеу БСК жанындағы субұрқақтар. Қызмет көрсетумен «Есо Almaty» ЖШС айналысады. Жоба келесі жылы жүзеге асырылады», – деді Алматы

қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының жайлы қалалық орта бөлімінің басшысы Ернар Бөкешов.

Қалада 150 субұрқақ жұмыс істейді, оның 65-і қала балансында, қалғандары – жекенікі. Биыл «Солтүстік» скверіндегі ҚБТУ ғимаратының артындағы субұрқақ қайта жаңартылды.

Өткен жылы Оқушылар сарайының алдында «құрғақ» субұрқақ ашылды, сондай-ақ жылдың соңына дейін «Әуежай даңқы» саябағында «құрғақ» субұрқақ ашу жоспарлануда.





ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

# ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖАСТАРҒА ЖАРАСАДЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында көрсеткен басты міндеттерінің бірі – ел экономикасын көтеріп, кей салалардағы кадр тапшылығы, жұмыссыздық сынды мәселелерді шешу. Үкімет алдына қойылған бұл міндеттерді іске асырудың тиімді жолдары жөнінде экономика ғылымының докторы Ғалымжан КЕРІМБЕКПЕН әңгімелескен едік.**

– Мемлекетіміздің бүгінгі мақсат-міндеттері қандай? Қазақстан кемесі қай бағытта жүзіп келеді?

– Мемлекеттің негізгі саясатының бірі – халықты жұмыспен қамти отырып, әлеуметтік көмек көрсетудің негізінде әлеуметтік топтардың нақты мұқтаждықтарын айқындау, сондай-ақ еңбекке қабілетті және жарамды азаматтарды жұмысшылар қатарына қосу мақсатында бағдарлануын жүзеге асыру, азаматтың кәсіпті қайта оқып үйренуін және жаңа мамандықты меңгеруін ынталандыру. Қазіргі кезде өндіріс орнының бәсекеге қабілеттілігін арттыруда жоғары білікті және кәсіби мамандар үшін сұраныс артып келеді. Осыған орай, ұлттық білікті кадрларды кәсіби жағынан дайындау мен қайта даярлау өзекті және бүгінгі күннің басты талабы болуда. Сондықтан еңбек нарығын реттеуде әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық пен инфра-құрылымдық қызмет көрсетудің тетіктерін жетілдіру, аймақтың тұрғындарын жұмыспен қамтуда әлеуметтік қорғаудың белсенді нысаны ретінде жұмыссыз азаматты кәсіби дайындау мен қайта даярлау үшін мемлекеттік бағдарлама жасау негізгі мәселенің бірі болып саналады және ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеуді талап ететіні айқын.

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында еңбек нарығына көші-қон үдерістерінің үлкен әсерін атап өткен еді. Ал енді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Ұлттық экономиканың бірқатар саласында кадр тапшылығы қатты сезілуде. Әсіресе, техникалық және жұмысшы мамандар жетіспейді. Сондықтан осы салаларға қатысты білім берумен мықтап айналысқан жөн. Оқу орындары түлектерге жұмыс бере алатын мекемелермен ұзақ мерзімге арналған әріптестік орнатуы қажет. Экономиканың басымдықтарына, аймақтың және саланың ерекшеліктеріне байланысты тиімді қаржыландыру тәсілдері керек. Жалпы, еңбек нарығын жан-жақты дамыту үшін Үкімет қысқа мерзімде 2030 жылға дейінгі кешенді жоспарды бекітуі керек», – деп баса айтты және нақты тапсырмалар берді.

– Еліміздің еңбек нарығының жағдайы туралы не ойлайсыз?

– Қазақстанның еңбек нарығындағы жағдайға сәйкес 2022 жылы жұмыспен қамту деңгейі 15 жас және одан үлкен жастағы халық санына шаққанда, 65,5%, жұмыс күшінің санына шаққанда, 95,2%-ды құраған. Ал жұмыссыздықтың деңгейі (Халықаралық еңбек ұйымының әдістемесіне сәйкес) 2022 жылы тұрақты болды және 4,8%. Жұмыссыздардың саны (ХЕҰ әдістемесіне сәйкес) – 456,1 мың адам. Сонымен қатар, жұмыс істемейтін, білім алумен және оқытумен айналыспайтын NEET жастардың үлесі – 6,3%.

Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеудің нәтижесі бойынша 2022 жылы Қазақстан экономикасының әртүрлі саласында 9 млн адам жұмыспен қамтылған, соның ішінде 6,9 млн адам жалдамалы жұмыспен (жұмыспен қамтылғанның жалпы санының 76,7%), 2,1 млн адам өзін-өзі жұмыспен (жұмыспен қамтылғанның жалпы санының 23,3%) қамтыды. 2021 жылмен салыстырғанда, жалпы жұмыспен қамтудың көрсеткіші 153,6 мың адамға өскен, негізінен жалдамалы жұмыскердің (113,9 мың адам) есебінен өсіп отыр, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтығанның саны (39,9 мың адам) өскен.

Негізгі жұмыс бойынша орта есеппен бір жұмыспен қамтылған азаматқа аптасына нақты жұмыс істеген сағаты – 39 сағат, бір жалдамалы қызметкер үшін – 41 сағат, өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкер үшін – 34 сағат. Жұмыссыз, бірақ жұмыс іздемеген немесе жұмысқа кірісуге дайын емес адамның саны (әлеуетті жұмыс күші) – 39,5 мың.

Еңбек нарығы бойынша көрсеткіштердің серпініне тоқталатын болсақ, 2021 жылмен салыстырғанда, жұмыссыздықтың деңгейі (ХЕҰ әдіснамасына сәйкес) 4,8% деңгейіне дейін төмендеді, сондай-ақ 15 және 28 жас аралығында жастардың арасындағы жұмыссыздықтың деңгейі 2021 жылмен салыстырғанда, 0,1 есеге өсті және 3,8% құраған.

Халықаралық тәжірибе бойынша, адамның еңбек өндіргіштігі маманның бір жұмыс орнында жұмыс жасаудың ұзактылығымен тығыз байланысты екенін дәлелдеді. Арнайы зерттеуге сәйкес жалпы маманның бір орында тиімді жұмыс



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

жасау мерзімі – 4 жыл екен. Психология ережесі бойынша осы кезеңде өндірісті дұрыс түсінудің және басқару жұмыстарын шешу үшін тиісті тәжірибе жинақталады, дегенмен одан әрі қарай ізденісі кемігендіктен білім деңгейі төмендейді. Осыған орай тігін (қызметтік өсу, карьерлік ауысу) және көлденең бойынша (жаңа міндеттер) маманның жұмысқа деген белсенді тұрақты қарым-қатынасын көрсетеді. Кейбір дамыған елдерде, оның ішінде АҚШ-та 20 жыл 1 компанияда жұмыс жасаған маманмен салыстырғанда, 20 жылдың ішінде 4-5 компанияда жұмыс істеген менеджерге сұраныс жоғары.

Елімізде жыл сайын ЖОО бітіруші түлектің есебінен жұмыс күшінің ұсынысы өседі. ЖОО, оның ішінде кәсіби оқу орынның түлектерін жұмысқа орналастыруды реттейтін тетіктің болмауы көдімгідей қиындық туғызады. Қазіргі жастардың кәсіби құндылықтарды аса бағаламауы алаңдатып отыр. Көптеген жастардың арасында кеңінен тарап кеткен еш жерде жазылмаған ұраны – қандай жолмен болса да, табыс табу. Дегенмен де, жастар – дүние жүзіндегі еңбек нарығындағы ең осал топтың бірі. Бүгінде 20–29 жас аралығындағы қыздар мен жігіттердің шамамен, 50 пайызында тұрақты жұмыс орны болмай тұр.

– Жұмыссыздық мәселесін шешудің қандай тиімді жолдары бар?

– Тіркелген жұмыссыз азаматтарды кәсіби оқыту үш жолмен жүзеге асады: бастапқы білім беру; біліктіліктің көтеру; кадрларды қайта даярлықтан өткізу. Әрине, кәсіби білім алу, қабілетке және бейімге үйрену үдерісі 18–20 жастың арасындағы кезеңде белсенді түрде жүзеге асады. Осы кезеңде жастардың басым көпшілігі кәсіби оқуын аяқтап, тұрақты жұмысқа орналасуды мақсат тұтады. 29 жасқа дейінгі жастардың басым бөлігінде белгілі бір біліктілік, кәсіби және өмірлік тәжірибесі қалыптасып үлгереді. Аталған кезеңде белгілі бір мамандықты игеру үдерісі аяқталады, кәсіби маман немесе білікті басшы болу қалыптасады және көптеген құндылықтарға қол жеткізеді.

Қазақстан еңбек нарығындағы жастардың жағдайын талдау екі маңызды жағдаймен негізделеді: біріншісі, еліміздегі жұмыссыз халықтың құрылымы бойынша 15–24 жас арасындағы азаматтың үлесі – 20–25%, ал енді 25–29 жас арасындағы азаматтың үлесі – 16–20%-ды құрады. Екіншісі, ең негізгісі – еліміздің болашағы. Жастар қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық құрылымын айқындайды, сондықтан біздің елімізде олар ең қорғансыз топтың бірі болып саналады. Аталған мәселенің өзектілігіне қарамастан, ғылыми-зерттеу жұмыстарында оларға өте көп назар аударылмай келеді. Жас ерекшелігіне қарай талдасақ, 18–24 жастағы жастардың басым бөлігі кәсіби дайындықтан өткен

немесе өтетін білім алушы жас азаматтар. Ал осылар еңбек нарығына жаңадан келген ең қорғансыз топ болып тұр. Өйткені, оның кәсіби тәжірибесі жеткіліксіз және әлеуметтік жағынан аз қорғалған, осыған орай бәсекеге де түсе алмайды.

Қазақстан электрондық еңбек биржасының сайтында жарияланған мәліметтің негізінде, жол, құрылыс, көлік-логистика саласында жұмыс орны өте көп, мамандар тапшы. Сонымен қатар, сұранысқа ие мамандықтың үлесі жалпы көрсеткіштер бойынша жол саласының жұмысшысы – 7,3%, күзетші – 5,6%, көлік жүргізушісі – 4,4 % құрап отыр.

Қазақстанға Қытайдан, Өзбекстаннан, Түркиядан, Үндістаннан көп жұмысшы келеді, оның ішінде инженердің саны басымырақ. Шетелден келгеннің басым көпшілігі құрылыс саласында жұмыс істейді, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру саласында, механик пен техник мамандары.

Елімізде жастардың 42,9 пайызының толық немесе аяқталмаған жоғары білімі бар, соның ішінде жоғары және аяқталмаған жоғары білім алған жастардың 35,9 пайызы және орта білімі барлардың 39 пайызы жұмыссыз азаматтар. Болашақта осыдан бірнеше жыл бұрын өзекті болған мамандықтың 65 пайызы сұранысқа ие болмай қалады. Алдағы кезеңде тау-кен өндірісі, металлургия, мұнайды өндіру мен өңдеу, ауыл шаруашылығы, көлік, логистика, IT, машина құрастыру, металл, туризм, энергетика, құрылыс саласында жұмыс орындары табылады.

Қазіргі кезде өз елімізде жұмыссыздықтың мәселесі толық шешілмеген кезеңде, елімізден шетелге мыңдаған адамның кетуі, бұл экономикамызға кері әсер ететіні айқын. Мемлекетіміз білімді де білікті мамандардың елден кетуіне бей-жай қарамастан, халықтың тұрақты тұруына қажетті бағдарламамен қамтамасыз етіп, мықты маманның елден кетуінің орнына елге келуі үшін жағдай жасауы тиіс.

– Қазақстандықтардың соңғы жылдары жұмыс іздеп шетелге кетуі шынында көбейіп келеді. Бұл үрдістің жұмыссыздық мәселесімен байланысы бар ма?

– 2022 жылы жұмыс іздеп, 8 мыңға жуық қазақстандық азамат шетелге кеткен. Әрине, қомақты табысқа кенелгісі келетін 18–35 жас арасындағы азамат. Жас мамандар жаппай шетел асса, елде кім қалатыны белгісіз? Жақсы өмір сүруді аңсайтын, сыртқа кететіннің басым көпшілігі білімді жастар. Тіл білген соң мұндағы жалақы оның күн көрісіне жетпейтіні сөзсіз. Қазақстанда жұмыс табылады, бірақ жалақысы өте аз. Ал Кореяда 1 айда тапқанды Қазақстанда 5-6 айда табасың. Сонымен қатар, тұратын үйі мен жататын жері тегін, жұмысында таңғы, түскі, кешкі ас береді. Әсіресе, техникалық маманның иелері мен дәрігерлер кетуде. Қазақстаннан кеткен әр үшінші эмигрант жоғары білімді болса, ал төртіншісі орта білімді. Мамандар бұл үрдісті «Ақылды, қабілетті адамдардың кетуі» деп атайды. Көшкіндер көше берсе, еліміздің өркендеуі мен көш бастауы қиын болуы мүмкін. Қазақстанда білікті маман мен жұмысшының өзі жетіспей тұрғанда, бұл біздің экономикамызға, оның ішінде өндіріс саласының құлдырауына немесе тоқтауына әсер ететіні сөзсіз. Қазіргі жастар 4-5 жыл білім алады, ал жұмыс істейін десе жалақысы өте төмен болғандықтан жұмысқа барғысы келмейді.

Бүгінгі таңда білікті кадрлар жетіспейді. Статистикалық деректер бойынша, елімізде 923 мың бос жұмыс орны бар, оның ішінде: есепші бойынша – 97 540, күзетші, инкассатор және осыған байланысты кәсіптер бойынша – 84 076, дүкеннің сатушысы мен көмекшісі – 73 368, әлеуметтік ғылым саласы бойынша орта мектептің мұғаліміне – 50 343, автокөлік жүргізушісі – 49 127, күтім бойынша орта медициналық персонал – 43 801 қызметкер қажет екен.

Қазіргі кезде мемлекетімізде қабылданған мемлекеттік және аймақтық бағдарламалар бюджеттік қаражатпен бірге жеке кәсіпорынның, инвестордың қаражатын тартып, экономиканың өркендейтін және болашағы бар саласында жаңадан жұмыс орнын ашуды және заманауи дамытуды ынталандырады. Сондай-ақ, әлеуметтік және ғылыми-зерттеудің мәліметтері негізінде еңбек нарығында азаматтарды жұмыспен қамту үшін мүмкіндік беретін келесі бағыттарды жүзеге асырады: еңбек нарығына жастарды дайындау; оқу орнының түлегін жұмыспен қамтудың негізгі мәселелері; жастарды әртүрлі қолдау бағдарламасы; жастардың кәсіби дайындығына ықпал жасау. Ғылыми-зерттеудің нәтижесі бойынша жүргізілген көптеген іс-шараларға қарамастан, жастардың арасында жұмысқа орналасуда әлі де қиындықтар кездесуде, нақтырақ айтқанда, жас маманның жұмыссыз болуының басты себебінің 18–20%-ы – еңбек ету жағдайы дұрыс қанағаттандырылмағандықтан, ал 15–18% – жастардың жұмыс берушінің алдында өзінің қабілеті мен білімін дұрыс көрсете алмауынан орын алады.

Қорыта келгенде, жас азаматты еңбекпен қамтуға әсер ететін негізгі іс-шаралар: жастар үшін жаңа жұмыс орнын ашатын кәсіпорынды мемлекеттің тарапынан қолдау жасау; тұрақты жұмыс орнын қалыптастыру; жастарға екінші мәрте жұмыспен қамтылуға мүмкіндіктер қарастыру; жастарды жұмыспен қамтитын өндіріс орындары мен мекемелердің инфрақұрылымын құру. Осы жұмыстар өз деңгейінде қолға алына бастайды деп сенеміз.

Сұхбаттасқан Досбол АТАЖАН.





РУХАНИЯТ

# ОТБАСЫ

## суретшілер көзімен

Ақын-жазушы немесе журналист айналасында болып жатқан құбылыстарды, көрген-түйгенін сөзбен әрлейді. Ал суретшілер қылқалам ұшымен, мың сан бояумен өрнектейді. Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі әсем Алматыда орналасқан. Оның коллекциясында талай жылдардан бері сақталып келе жатқан, мазмұнға бай тамаша туындылар сақталған.

Бүгінде Ә.Қастеев өнер музейі еліміздегі бейнелеу өнері саласындағы жетекші ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту ісіндегі ірі көркемсурет музейі болып табылады. 1976 жылы Т.Шевченко атындағы Қазақ мемлекеттік көркемсурет галереясының (іргесі 1935 жылы қаланған) және Республикалық қолданбалы өнер музейінің (1970 жылы қаланған) қоры негізінде ашылған. Ал 1984 жылы қаңтарда музейге Қазақ КСР Халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің есімі берілді.

ЮНЕСКО-ның шешімімен 2004 жылы Әбілхан Қастеевтің 100 жылдық мерейтойы кең көлемде атап өтілді. Сол жылдың 15 қаңтарында суретшінің мерейтойлық көрмесі ашылды. Көрме суретшінің күллі шығармасын қамтыды. Атап айтар болсақ, 400-ден аса акварельдік және кескіндеме туындылары, фотоқұжаттар, суретшінің жеке заттары, кинохроника музейдің үлкен төрт залына қойылды.

Сонымен қатар, суретшінің көрмесі Париж қаласындағы ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде және республиканың облыс орталықтарында өткізілді. Жаркентте Ә.Қастеев атындағы көркемсурет музейі, Чижин ауылында Ә.Қастеев атындағы саябақ ашылды. 2005 жылдың қаңтарында Алматы қаласы әкімдігінің тікелей қаржылық қолдауымен Әбілхан Қастеевке еңселі ескерткіш ашылды.

Музейде Қазақстанның бейнелеу өнері, Қазақстанның қолданбалы өнері, шетел классикалық өнері, жаңа дәуірдегі шетел өнері, қорлар, қайта қалыпқа келтіру, көрме және экспозиция, насихаттау және экскурсиялық қызмет көрсету, акпарат және баспа ісі сынды ғылыми орталықтар жұмыс істеп тұр.

Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайында бейнелеу өнері мен дәстүрлі және заманауи қолданбалы өнердің ғажап коллекциясы бар. Онда батыс, орыс және кеңес өнерінің және шығыс халықтары қолданбалы өнерінің тыңғылықты жинағы орын алған.

XIX-XX ғасырлардағы қазақ қолданбалы өнерінің бай коллекциясы қазақ қол-



өнерінің жоғары деңгейде болғанын көрсетеді. Олардың ішіндегі ең көбі – күмістен жасалған зергерлік бұйымдар, киіздер мен текеметтер, түкті және тақыр кілемдер, кестелі кілемдер. Мұражай коллекциясында ағаш пен теріден жасалған заттар да бар.

Жинақтаманың басым бөлігі – Қазақстан кескіндемесі, графикасы және мүсіні. Олардың ішінде – Қазақстанның тұңғыш суретшісі Әбілхан Қастеевтің, сондай-ақ, Хлудов пен Черкасскийдің, Мәмбеев пен Телжановтың, Кенбаев пен Ғалымбаеваның, Жүсіпов пен Шәрденовтің, Сыдыхановтың, Айтбаев пен Сариевтің кескіндемелері, Сидоркин мен Залыманның, Пак пен Әжиевтің графикалық парақтары, Наурызбаевтың, Төлеков пен Досмағамбетовтің, Рахманов пен Мергеновтің, Раппорт пен Есенбаевтың мүсіндік жұмыстары бар.

Қытай, Жапония, Үндістан заттары мен дұңған, ұйғыр, корей шеберлерінің жекелеген туындылары да Шығыс елдері өнерінің қоржынын толтырып тұр.

Музей адамның өзі мен қоршаған ортаны таныстыратын көркемдік қызметінің материалдық айғақтарын жинап, сақтап отырады, зерттеп-зерделейді, құнды жәдігерлерді көрмеге қойып, көрерменге таныстырады.

Біз бүгін назарларыңызға Ә.Қастеев музейі коллекциясында сақталған, отбасын, жылылық, береке-бірлікті, ата, әже, ата-ана және бала туралы бейнелейтін картиналарды ұсынып отырмыз.

**Нұр ЖАМАЛ.**  
(Ә.Қастеев атындағы өнер музейі деректері негізінде әзірленді).

ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ



## Ардагерлерге су жаңа көлік сыйлады

Қарттарға қызмет көрсетуге арналған су жаңа автокөлік кілті табысталды. 31 қазан күні Түркісіб ауданының «Ардагерлер кеңесі» қоғамдық қоры отандық автокөлік компаниясынан осындай сыйлыққа ие болды.



Естай  
БОЖАН

Алматыда қарттарға арналған шаралар легі жалғасып келеді. Қазан айындағы қарттарға арналған игі шаралардың қорытындысы ретінде Түркісіб ауданында «Ардагерлер кеңесіне» су жаңа автокөліктің кілті табыс етілді.

Аталған шара Түркісіб ауданына орналасқан Allur отандық автокөлік компаниясының аумағында өтті. Chevrolet cobalt маркалы автокөлік кілтін аталған компанияның «Ардагерлер кеңесінің» төрағасы Ғалия Асқарқызы алды.

«Бұл шынында, тамаша сыйлық болды. Біздің «Ардагерлер кеңесінің» мүшелеріне, олардың түрлі әлеуметтік шараларға белсенді қатысуына мүмкіндік береді деп есептеймін. Жалпы, елімізде қарттарды, зейнеткерлерді қолдау шаралары тынбай жалғасып келеді. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы да қарттарға көңіл бөлу туралы арнайы тапсырмалар беріп жатыр. Біз бұны тек ризашылықпен қабылдаймыз», – деді Ғалия Асқарқызы.

Ол сондай-ақ, қарттар мен зейнеткерлердің әлеуметтік өмірден тыс қалмауына айрықша көңіл бөліп келе жатқан қала және аудан әкімдеріне де өз алғысын білдірді.

Айта кетейік, Алматыдағы өзге аудандармен қатар Түркісіб ауданында да ай бойы ардагерлер мен зейнеткерлерді қолдау бойынша түрлі шаралар өтіп келді. Оның қатарында азық-түлік себеттерін тарату, түрлі мәдени шараларды ұйымдастырулар да бар. Бүгін табыс етілген су жаңа автокөлік аудандағы ардагерлерге қызмет көрсету үшін пайдаланылмақ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

## «МЕДЕУ» МҰЗ айдыны жаңа маусымын ашады

Медеу мұз айдынында конькимен сырғанау маусымы 15 қараша күні ашылады. Бұл туралы мұз айдынының баспасөз қызметі әлеуметтік желіде жазды.

«Медеу» мұз айдыны басшылығының мәліметінше, қазіргі уақытта ашылу салтанатына дайындық жұмыстары жүріп жатыр.

– Достар, бүгін біз сіздермен қуанышты жаңалықпен бөліскіміз келеді. «Медеу» мұз айдыны өз есігін 15 қараша күні айқара ашады. Қазіргі кезде біз ашылу салтанатына дайындалып жатырмыз! Нысанда дайындық жұмыстары аяқталып, мұз құйыла бастады, – деп жазды желіде «Медеу» мұз айдынының баспасөз қызметі.

Еске салсақ, әлеуметтік желіде Медеуде жауған қардың видеолары пайда болған еді. Сондай-ақ, таудан құлаған тастардың салдарын жоюға байланысты Медеу-Шымбұлақ автожолымен өтудің режимі белгіленген болатын.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».







Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БРИФИНГ

# КӨЛСАЙДЫҢ КӨРКЕМ КӨЛДЕРІ

## талапқа сай жабдықталады

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің басшылығы мен қызметкерлерінің қатысуымен баспасөз конференциясы өтті.

**Күралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

«Көлсай көлдері» ұлттық паркі 2007 жылы Алматы облысының Кеген және Талғар аудандарының аумағында құрылған. Оның жалпы ауданы – 161 045 мың гектар. Оның ішінде Кеген ауданы бойынша – 148 256, Талғар ауданы бойынша – 128 07 гектар. Ұлттық парк Таушелек, Құрмет, Көлсай, Қарабұлақ орманшылықтарынан тұрады.

– 2023 жылдың басынан бері саябақ аумағында 99 топтық рейд жүргізілді. Тексеру нәтижесінде парк қызметкерлері демалушылар арасынан 47 заң бұзушылықты анықтап, оларға 405 375 теңге көлемінде айыппұл салынды. Залал сомасы 30 015 теңгені құрады, – деді Х.Ахметов.

Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «Саты ауылы – Қайыңды көлі» туристік бағытын абаттандыру кезінде қосымша жол белгілері, күркелер мен орындықтар орнатылды. Бүгінде Алматы облысының туризм басқармасының қаражаты есебінен аймаққа бақылау алаңы, күрке-шатырлар, орындықтар мен көпірлер салынуда. Көлсай, Қайыңды көлдері аумағы 30 қоқыс жәшігі мен 16 үлкен қоқыс бағымен жабдықталды.

«Төменгі Көлсай көлі – Сарыбұлақ асуы» туристік маршрутының сол жағалауында демеушілердің көмегімен ұзындығы 370 метр болатын жаяу жүргіншілер

жолы салынды, олардың бойында орындықтар мен урналар орнатылды. Алматы облысының туризм басқармасының қаражаты есебінен Төменгі Көлсай көліне апаратын жаяу жүргіншілерге арналған айналма жол салынуда.

Сонымен қатар, 2023 жылдың көктемінде барлығы 95 080 дана «Шренка» шыршасының көшеттері отырғызылды. 13,9 гектарға 55 600 көшет, тиісінше 9,87 гектар жерге 39 480 көшет отырғызылды. Көлсай орманшылығынан 0,06 гектар алқапқа шырша тұқымын себетін уақытша орман тұқымы учаскесі ұйымдастырылды. 2019–2023 жылдар аралығында 57,5 гектар алқапқа орман көшеттері отырғызылды.

«Туристік нысандарда 2 ағаш күрке (шатыр) орнатылды, Қайыңды көлінің жаяу жүргіншілер және ат жолының қоршаулары жаңартылды, осы нысандарда әктеп-сырлау жұмыстары жүргізілді. Ұлттық парк аумағында 10 санитарлық-гигиеналық қондырғы орналасқан, оның 4-еуі Төменгі Көлсай көлінде, 2-еуі Қайыңды көлінде жұмыс істейді», – деп жалғастырды спикер.

### ТУРИСТІК МАУСЫМДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛДЫ?

Қазіргі уақытта Төменгі Көлсай көлінде туристер үшін жағдай жасау мақсатында туристік маршрутты жайластыру бойынша жұмыстар жалғасып жатыр. Мұнда сонымен қатар, жаяу және атпен жүру маршруттарына бөлінген баспалдақ жолы орнатылатын болады.

«Көлсай көлдері» ұлттық табиғи паркі директорының орынбасары Хамит Ахметовтің айтуынша, өткен жылы Төменгі Көлсай көлі мен Қайыңды көліне рекреациялық жүктемені азайту мақсатында ұлттық парктің инфрақұрылымын дамытудың бас жоспары әзірленген. Оған жеке және заңды тұлғаларды конкурстық негіз-



де қысқа мерзімді пайдалануға беру үшін ұлттық парктің учаскелері енгізіліпті.

Спикер, сонымен қатар, ұлттық саябақтағы туристік маусым мамыр – қыркүйек айларына есептелгенін хабарлады. Осыған байланысты инвесторлар тарапынан ұлттық парктің инфрақұрылымын жақсарту жұмыстары биыл, 2023 жылы басталды.

– Мысалы, Төменгі Көлсай көлі шатқалында жоғарғы автотұрақ ауданындағы учаскелерді пайдаланушылар (инвесторлар) сауда-жәрмеңке аймағы, қоғамдық тамақтандыру пункттері, қазақ халқының салт-дәстүрлері бар киіз үйлер орнатылып, сондай-ақ Алматы облысының туризмді басқару желісі бойынша ұлттық парк үшін Орталық Азиялық WWF бағдарламасының гранттық жоба есебінен қазақ ауылы салынды, қосымша жеке дәретханалар мен қоқыс жәшіктері орнатылды, – деді Хамит Ахметов.

Қазіргі уақытта шетелдік және жергілікті туристердің Көлсайға келіп, қазақ дәстүрлері туралы білуге, жергілікті тағамдардан дәм татуға, этно-ауылға баруға тамаша мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар, Төменгі Көлсай көлі-

нен 12 шақырым жерде Саты ауылы орналасқан, онда қонақүйлердің қызметтерін пайдалануға, жергілікті тұрғындардан қазақ халқының дәстүрлерін білуге болады.

### ӨТКЕН ЖЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ПАРККЕ 210 269 АДАМ КЕЛГЕН

Ұлттық саябақтың аумағында сүтқоректілердің келесі түрлері мекендейді: бұғы (640), елік (397), Сібір тау ешкісі (584), қабан (646), арқар (26). Қызыл кітапқа енгізілген жануарлардың ішінде Тянь-Шань қоңыр аюы (22), қар барысы (18), Түркістан сілеусіні (64) мекендейді.

Ұлттық парк қызметкерлері мемлекеттік инспекторларды, елді мекендердің тұрғындарын, оқушыларды, ЖОО студенттерінің экологиялық сауатын арттыру бойынша жұмыстар жүргізуде. Ағымдағы жылы жоғары оқу орындары мен мектептерде 25 сабақ өткізілді.

– Жыл сайын «Парктер шеруі» акциясы өткізіледі. Биыл оған 9 мектептен 141 оқушы қатысты. Ұйымдастырылған конкурстардың қорытындысы бойынша 27 оқушы бағалы сыйлықтармен марапатталды, 12 оқушы ынталандыру грамоталарын алды. Халықаралық туризм күніне орай, 27 қыркүйекте мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Оның барысында ұлттық парк аумағында туризм саласын дамытуға үлес қосқан жеке кәсіпкерлер марапатталды, ал мекеме қызметкерлері арасында спорттық волейболдан жарыстар өткізілді, – деп бөлісті спикер.

Бүгінде ұлттық парк штатында барлығы 126 адам жұмыс істейді. Мемлекеттік инспекторлар саны 111-ді құрайды. Оның ішінде 4 орманшы, 2 орманшылар көмекшілері, 17 орман шеберлері, 71 мемлекеттік инспекторлар бар.

Ұлттық саябақтың аумағында туристік фирмалар үнемі жұмыс істейді. 9 туристік фирмалар келісім-шарттар жасалды. 2022 жылы Ұлттық паркке 210 269 адам келді.

**НЕ?****ҚАЙДА?****ҚАШАН?**

### ANIMANIA-7

Өтетін орны:  
«Форум» COO, RESTOPARK (Сейфуллин даңғылы, 617).  
Күні мен уақыты:  
4 қараша, сағат 10.00–20.00.



### «БАУЫРСАҚ»

Өтетін орны:  
«Жас сахна» театры (Абай даңғылы, 117).  
Күні мен уақыты:  
4 қараша, сағат 11.00.



### «ҚЫТАЙДАН ЖЕТКЕН СӘЛЕМДЕМЕ»

Өтетін орны:  
М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры (Абай даңғылы, 103-үй).  
Күні мен уақыты:  
4 қараша, сағат 18.30.







## САЯХАТ

# ТҮРКИЯ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Биыл Түркия Республикасының құрылғанына – 100 жыл. Арғы тарихы бүтін Араб әлемі мен Еуропаның біраз бөлігіне иелік еткен – Осман империясы. Түбін қазбалап келсеңіз бастауын Орталық Азия, соның ішінде Арал теңізі маңы, бүгінгі Қазақстан аумағына келіп түйіседі. IX-X ғасырдағы аты дүркіреген Оғыз-Селжук қағанаты дәп осы біздің мекенде. Астанасы көне шаһар – Жаңакеңт. Сыр өңірінде иісі түркіге ортақ данағөй абыз, Қорқыт атаның мазары бар. Әлі де болса осы күні аңызға айналған қобыз күйлерінің сыры ортақ зерттеуді қажет етеді. Осының баршасы өткеннен сыр шертеді.



Біз жолымыз түсіп, Түркияның 100 жылдық мерейтойының қарсаңында сол жақта болып келдік. Көптеген кештерге, әсем жерлерге сүйсініп, мәдениеті мен менталитетіне таңырқадық. Қай тұстан алда, қай жерден тосылған, нені құрметтейді, неге тамсанатынын білдік. Көзбен көрген, көңілге түйген дүниелерді жіктеп жазуды жөн көреміз.

## СӘТІ ТҮСКЕН САПАР

Біздің жол Түркияға түсті. Осымен үшінші мәрте барыппын. Мың тәубе! Ұдайы жолымыз оңынан болғай! Бұл жолы біраз аяндадық. Кетпестен бұрын жаңадан алған ипотекалы баспанамыздың қаржысын алдын ала есептеп қойдық. Жол-пұлды біраз реттеген болдық. Кредит құрғыр қыспасын деп оны да бір жағынан ойластырдық. Әйтпесе өзге жақта, өзге біреу қамынды ойламайды. Қош, әйтеуір Анадолыға келдік, көрдік, біраз кітапхана, оқу орны, мәдени тарихи жерлерді араладық. Осыдан 1000 жыл бұрын Қазақ даласы-

нан көшкен оғыз-селжук тайпалары бүгінде әбден орнығыпты. Орта ғасырларда Осман империясы болғаны дүниеге мәшһүр. Түркия керемет дамыған. Нарықтық экономикаға барынша бейімделген. Көбісі қазынаға қарап отырған жоқ. Қолдан келген өнерден қаржы табады. Соның ең қадірлісі – туризм. Қызмет көрсету саласы жолға қойылған. Әйтеуір әркім өз арбасын өзі сүйреп жүр.

## АТАТҮРІК – ҰЛТ КӨСЕМІ

Түркия жұрты Ататүрікті қатты ұлықтайды. Оның жасаған реформасының мәні – елдің іргесі бүтін болып, ешбіреуге кіріптар қылмау. Ол түрік тілін латынға көшірді. Ұлттық валютаны айналымға енгізді. Ең бастысы, мемлекет құраушы ұлт түрік екендігін шегелеп кетті. Сөйтіп, дінтеген мақсатына жете білді.

Әлгінде сөз басында айтқанымдай, біз қырғыз бауырларымызбен бірге Anıtkabir кесенесіне сапар шектік. Көшедегі жол сұраған үлкен-кіші, такси жүргізушісі, тіпті қарапайым сатушы да, бәрі-бәрі ұлт көсемін қатты қадірлейді екен. Мавзолей маңында кісі қарасы тым көп. Шетелдік саяхаттаушылар ағылып жатыр.

Ататүрік мұражайы нағыз ескі тарихтан сыр шертеді. Ұлт көшбасшысының тұтынған заттары, киген киімдері, көзілдірігі, бас киімі, қаламсабы, жұмыс үстелі және т.б. заттар көненің көзіндей сақталып тұр. Ол кісі әскери адам болған. Жалпы, музейге бір кіріп шықсаңыз, көп нәрсеге куә болып қайтасыз.



## АНАДОЛЫ – ТАРИХҚА ТҮНҒАН ӨЛКЕ

Түркия жерінің тарихы тереңге кеткен. Уағындағы Рим империясының бір бөлігі, бір кездері жаһанға аты дүркіреп шыққан Троя шаһары осында деседі. Соның нақтысын археологтар анықтап дәйектер.

Бірде Стамбулға бардық. Босфор бұғазы, Осман падишаларының сарайы, уағындағы бай-бағландардың зәулім үйлері жайнап тұр. 1453 жылы Фатих Сұлтан Константинопольді бағындырады. Ол бүгінгі сөз еткелі отырған – Стамбул. Сондай-ақ, Бурса, Измир шаһарларында да Осман сұлтандарының қолтаңбасы жатыр.

Бізді ең таңқалдырған, ол – Айя-София. XX ғасырда музейге айналған-тұғын. Қазіргі таңда ғибадат ететін орын. Бірақ сыртқы келбеті, биік аспалы шамдары, үлкен құлшылық ететін бөлмесі, бәрі-бәрі тамаша үйлесім тапқан. Арадан жүздеген ғасыр өтсе де келбетін сақтаған.

Сұлтан Ахмет мешіті ең көркем орындардың бірі. Бұл ғимарат тек құлшылық ететін орын емес. Сонымен бірге, туристер көп аралайтын мекенге айналған. Еуропа мен Азиядан келгендер көріп, көзайым болып жүреді. Теңізге қарап тұрған бейнесі, тіпті керемет.

Босфор бұғазына барам деушілерге үлкен кемелер қызмет қылып тұр. Мәрмәр теңізін бір кезіп, фильмдеріндегі көріністің келбетін, күндізгі һәм түнгі қаланы көріп қайта аласыз. Негізі Империя басына келген билеуші үлкен әрі ғажап ғибадат орнын салады екен. Мұны бізге сол жердің кездескен адамдары әңгімелеп берді. Содан кейін Стамбулды басқарған адам бүкіл Анадолының әміршісі болатын көрінеді. Бұл – ескіден жеткен тәмсіл.

## АТАЖҮРТ – АЛТЫН ДІҢГЕК

Бүгінгі заманауи Қазақстан мен Түркия тығыз қарым-қатынаста. Алыс-беріс, сау-



да-саттық жыл өткен сайын нығайып келеді. Бұл – қуантарлық жағдай.

Анкарада «Қазақстан даңғылы» бар. Арнайы уақыт бөліп оның мағынасын үлкен кісіден сұрадым. Сонда егде ер адам «біз қазақ елін жақын тартамыз, ата-бабаларымыздың атажұртын білеміз, қатты жақсы көреміз» деп жауап қатты. Осы сөзді қарапайым көшедегі адамнан естіп, риза болдық. Достығымыз мәңгі болғай.

Түркияның әр түкпірінде оқып, білім-ғылым іздеп жүрген қазақ жастары жетерлік. Әсіресе, «Түркия бурсалары» деген бағдарлама арқылы оқып, бітіріп келіп жатқандар баршылық. Өзімізде Анкара жастарымен кездестік. Түрлі салада пікірлестік. Батыстық, мұсылмандық, тіпті түрікшілдік көзқарасты байқадық. Анкара Хаджи Байрам Вели университетінің «Түрік халық білімі» дейтін кафедрасында 1,5 айға жуық уақыт ғылыми тәжірибеден өттік. Жоғары оқу орындары еуропалық стандартқа сай білім береді. Әсіресе, Scopus, Web of science бағыты бойынша магистрант, докторанттарға тереңдетілген дәріс өтеді. Оқытушы-профессорларға барынша жағдай жасалған, артық қағазбастылықтан, әуре-сарсаңнан босатылған. Білім, ғылым, медицина, жаңа технология, ең бастысы, әр салада қызмет көрсету жағына қарай бейімделгені көрінеді. Қазақша айтқанда, «жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деген мақалға саяды.

## ● ТҮЙІН:

Қазақ пен түріктің ағайын-туыстығы арта берсін. Бауырлас елдің мерейтойы құтты болсын! Ең негізгісі, түркі халықтарының арасында ынтымақ, бірлік, достық күшейе берсін демекпіз.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



## НЕ?

## ҚАЙДА?

## ҚАШАН?




## «ҚАЗЫНАЛЫ ҚАЗЫНА»

Өтетін орны:  
Qurmangazy orkestri  
(Абылай хан даңғылы, 83).  
Күні мен уақыты:  
4 қараша, сағат 19.00.



## «ҚОБЫЛАНДЫ»

Өтетін орны:  
Ғ.Мүсірепов атындағы  
Қазақ мемлекеттік  
академиялық балалар  
мен жасөспірімдер  
театры (Абылай хан  
даңғылы, 38-үй).  
Күні мен уақыты:  
5 қараша, сағат 11.00.



## «АҚҚУ КӨЛІ»

Өтетін орны:  
Абай атындағы Қазақ  
ұлттық опера және  
балет театры (Қабанбай  
батыр көшесі, 110).  
Күні мен уақыты:  
5 қараша, сағат 18.00.

Әзірлеген  
Нұр ЖАМАЛ.





## БРИФИНГ

Алматы қаласының олимпиадалық командасы 20 жылдан асатын уақыттан бері республикалық олимпиадалардың қорытындысы бойынша «ҚР-ның Үздік олимпиадалық командасы» атанып келеді. Бұл, әрине, Алматы қаласының басты жетістігі мен мақтанышы. Қала мектептерінің 6 оқушысы елордаға барып қайтты. Онда оларға Оқу-ағарту министрі құрмет көрсетті.

Нұржамал  
ӘЛШЕБА

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңына баспасөз мәслихатына келген сол халықаралық олимпиадалардың жеңімпаз жасөспірімдері өздерінің зияткерлік жеңістері жайында, ал тәлімгерлері медаль иегерлерін қалай тәрбиелеу керектігі туралы әңгімеледі.

«Алматы дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының директоры Гүлнұр Кәрімғажы өз кезегінде Қазақстан құрама командалары ең беделді 7 халықаралық олимпиадаға (IMO, IPhO, IBO, IOL, IChO, IGeo, IOI) қатысып, олардың қорытындысы бойынша 23 медальді жеңіп алғанын, оның ішінде 2-еуі алтын, 11-і күміс, 10-ы қола жүлде екенін айтты.

Осы орайда еліміздің, оның ішінде Алматының даңқын халықаралық олимпиадаларда асырып жүрген озаттарымызды атап кетсек артық болмас. Олар: Досжан Бисимби – физикадан (IPhO) күміс медаль жүлдегері (жетекшісі Мейрамбек Тілеубаев); Ислам Амангелді – биологиядан (IBO) қола медаль (жетекшісі Қуандық Абдешев); ал Бакдәулет Ернazarов күміс медаль (жетекшісі Бекзат Мәжитов) жүлдегері; Назар Серазитдинов – информатикадан (IOI) қола медаль жеңімпазы (жетекшісі Темірлан Сатылханов); Батырхан Сәкенов (жетекшісі Медеубек Күнгожин) пен Мирон Юркевич (жетекшісі Нұрбек Күнгожин) математикадан (IMO) қола ме-

## БІЗДІҢ ҮЗДІКТЕР

Дарынды оқушылар беделді зияткерлік олимпиадаларда Алматының даңқын асырып жүр



## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ербол БАЕКОВ,  
№165 мамандандырылған лицей директоры:

## БАЛАНЫҢ БАҒДАРШАМЫ – ТӘЛІМГЕРІ

Біздің дарынды балаларымыздың жеңістеріне даңғыл жол ашатын, олардың алдына қойған мақсатына жетуіне бағдаршам болатын, жол көрсететін, әрине, тәлімгерлері, тәжірибелі мұғалімдер.

Иә, дарынды баланы анықтау үшін жан-жақты жұмыстар жүргізуде. Бұл орайда, ең алдымен, оқушының өз қалауының болуы маңызды. Әрі қарай үйде 8-9 сағат бойы дайындала алатындай жағдай жасалуы керек. Мұнда ең маңызды рөлді пән мұғалімі атқарады. Ол оқушының талантын ашады және одан әрі оның дамуына ықпал етеді. Мектеп әкімшілігі олимпиадаға дайындауға маманданған жетекшілерді тағайындайды, мұғалімдер олардың қолына оқушысын сеніп тапсырады. Осы орайда біздің тәлімгерлеріміз бен дарынды балаларымыз бір-бірімен жақсы үйлесім тауып, үлкен белестерді бағындырып жүргенін мақтан етеміз.

даль жүлдегерлері.

Баспасөз конференциясы барысында №165 мамандандырылған лицейдің физика пәні мұғалімі, физика пәні бойынша халықаралық олимпиаданың күміс жүлдегерінің жетекшісі Василий Соколов олимпиадаларға қатысу үшін балаларды іріктеу 7-сыныптан бастап жүргізілетінін атап өтті. Бірақ бұл бастапқыда іріктеуден өтпеген бала резервке өте алмайды дегенді білдірмейді дейді.

«Балалардың ұстанымы әр түрлі, кейбіреуі қатарластарына өзінің ең үздік екенін дәлелдегісі келсе, енді біреуі жақсы жетістіктерге жетіп, шетелдік жоғары оқу орындарына түскісі келеді», – дейді дарынды балалардың тәлімгері.

Айта кетейік, халықаралық олимпиадалардағы жеңістер жеңімпаздарға әлемнің кез келген университетіне оқуға түсуге 100% кепілдік береді.

Баспасөз мәслихатында сөз алған олимпиадашылардың өздері барлық уақытын оқу, білімге арнайтынын айтты. Негізгі сабақтардан басқа, олимпиадаларға дайындалуға күніне 5-6 сағатын жұмсайды екен.

«Маңызды олимпиадалар алдында бұл уақыт 14 сағатқа дейін де созылады. Бір ұйықтап алып, демалып, әрі қарай жұмыс істей береміз», – дейді биология бойынша халықаралық олимпиаданың (IBO) қола жүлдегері, «Галакси» халықаралық мектебінің 12-сынып оқушысы Ислам Амангелді. Ал халықаралық физикалық олимпиаданың (IPhO) күміс жүлдегері, «Мирас» халықаралық мектебінің 12-сынып оқушысы Досжан Бисимби олимпиадаларға қатысу өз уақытын дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді және белгілі бір мақсатқа ұмтылуға жол ашады деп санайды. «Сонымен қатар, бұл – басқа елдердің ең ақылды, дарынды оқушыларымен танысу алаңы», – деді ол.

## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

52 МЕКТЕП  
балалар мен спорт алаңдарын модернизацияладыБұрын  
Қазір  
Бостандық ауданы  
№22 мектеп

Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтын ұстану – бүгінгі таңдағы негізгі бағыттардың бірі. Сондықтан мектептерде жоғары деңгейдегі спорттық бағыттағы қауіпсіз алаңдар салудың маңызы зор.

Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматының білім беру ұйымдарында жаңа спорт алаңдары модернизациялануда әрі салынууда. Бұл салауатты өмір салтын қалыптастыру, балалардың спортпен шұғылдануына жақсы жағдай жасау және жалпы олардың дене шынықтырумен қамтылуын арттыру мақсатында жасалады.

Бүгінде бюджет есебінен қаланың 46 мектебінде спорт алаңдары

Бұрын  
Қазір  
Бостандық ауданы  
№190 мектеп

модернизацияланды. 2021 жылы 31 мектепте, 2022 жылы 15 мектепте модернизациялау жүргізілді. Ағымдағы жылы спорт алаңдарын модернизациялау 19 мектепте жүргізілуде, оның 6-ауында жұмыстар аяқталды.

Модернизациялау барысында футбол, баскетбол, волейбол алаңдары, workout-аймақтар жаңадан салынады. Жүгіру жолдарының резеңке жабыны, баскетбол калқандары, волейбол тіректері, футбол қақпалары, гимнастикалық құрылымдар мен орындықтар жаңарды.

Әрбір спорт алаңы бойынша жеке есептеулер жүргізіліп, эскиздік жобалар әзірленді. Мектеп жанындағы спорт алаңдарының географиялық ерекшеліктері мен техникалық мүмкіндіктері ескерілді.

Осылайша, Алматы әкімдігі ҚР Үкіметінің «Денешынықтыру мен бұқаралық спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі Кешенді жоспарын бекіту туралы» қаулысын іске асырады.

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақ-француз  
университеті ашылады

Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Франция мен Қазақстан президенттерінің Ақордадағы кездесуі алдында Қазақ-француз университеті ашылатынын айтты.

– Бүгін Мемлекет басшылары арасында Қазақстанда Қазақ-француз университетін ашу мәселесі пысықталатыны мәлім етілді, – деді Саясат Нұрбек.

Оның сөзінше, аталмыш жоғары оқу орны Қазақ-алман университетінің үлгісімен құрылуы мүмкін.

– Біз жеке жеке тобын құрып, мәселені сол алаңда талқылаймыз. Сондай-ақ, өңірлердегі жоғарғы оқу орындарында мықты франциялық университеттерді тарта отырып, зерттеу кафедраларын ашу мәселесін талқылаймыз. Француз университеттерден келген делегациялар да біздің елде жүр. Бүгін екі ел ректорларының форумы басталады. Ис-шара Алматы қаласында 3 күн бойы өтеді, – деді министр.

Еске салайық, Франция Президенті Қазақстанға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен келді. Сапар аясында екі ел басшылары сауда-экономикалық, инвестициялық және энергетикалық ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелерді талқылайды деп жоспарланған.

Айта кету керек, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Францияға бытыр жасаған ресми сапары аясында 35 құжатқа қол қойылған болатын.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.





МЕМОРАНДУМ



## МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

**Алматы мен Оңтүстік Кореяның денсаулық сақтау саласы мамандары ынтымақтаса жұмыс істейтін болады**

**Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Назгүл Иманғалиева мен Пусан қаласы (Корея Республикасы) Со-гу ауданының мэрі Гонг Хан Су Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы мен Со-гу ауданы әкімшілігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.**

Екіжақты келісім денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытудағы маңызды қадам деп отыр сала мамандары. Бұл екі ел арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, екі елдің денсаулық сақтау саласын дамытуға септігін тигізеді деген сенім бар.

Мұндай ынтымақтастық адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға, сондай-ақ Алматы мен Кореяның медициналық ұйымдарының тиімділігін арттыруға ықпал етеді деген сенім бар.

Меморандум бірлескен іс-шараларды, соның ішінде конференция, семинар, тренингтерді және денсаулық сақтау саласындағы тәжірибе мен білім алмасудың басқа да нысандарын қарастырады. Мұндай іс-шаралар екі елдің мамандарына ауруды емдеу мен алдын алудың озық технологиялары мен әдістерін білуге, тәжірибе мен білім алмасуға көмектеседі.

Сонымен қатар, тараптар

ғылыми-зерттеу жұмыстары саласында ынтымақтасады. Бұл Алматы мен Корея Республикасының ғалымдарына халық денсаулығын жақсартуға бағытталған түрлі жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Назгүл Иманғалиева атап өткендей, Меморандум денсаулық сақтау сияқты маңызды салада елдер арасындағы ынтымақтастықтың жаңа көкжиегін ашады. Екі жақ та қарым-қатынастың одан әрі нығаюына үміт білдіріп, Меморандумды тереңірек әрі жан-жақты серіктестік жолындағы маңызды қадам деп санайды.

Жиынға Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының өкілі, Алматы қаласы әкімі аппаратының сыртқы байланыстар және тіл білімі департаменті өкілі, «Қазақстан туризм индустриясы» төрағасы, Пусан қаласы Со-гу ауданы әкімшілік өкілдері мен денсаулық орталығының басшысы қатысты.

СӘТТІ ОТА

## Ауыр науқасты аяққа тұрғызды

**Алматылық дәрігерлер жаңа технологиялардың көмегімен ауыр науқасты аяққа тұрғызды. Бұл сирек кездесетін жағдай деп отыр мамандар.**

Пациент Алматыдағы №7 қалалық клиникалық ауруханаға аса ауыр халде жеткізілген. Осыдан 10 жылдай уақыт бұрын оның жамбас буыны алмастырылған. Жарақат салдарынан цементсіз әдіспен бекітілген протез жамбас қуысына кіріп кеткен, деп хабарлайды аурухананың баспасөз қызметі.

Аурухананың полижарақат бөлімшесі меңгерушісі Рамазан Әскеровтің айтуынша, протез ұршық ойығына кіріп кеткен. Салдарынан жамбас қуысы қатты зақымданған. Науқас бірден жансақтау бөліміне жеткізіледі. Жағдайы тұрақтанғаннан кейін бөлімшеге ауыстырылып, клиника басшыларының қатысуымен консилиум өткізіледі. «Мұндай жағдайлар өте сирек



кездеседі. Біз екі кезеңнен тұратын ота жасау туралы шешім қабылдадық. Біріншісінде іш қуысы арқылы сынған протез бөлшектерін алып шықтық. Жағдайы жақсарғаннан кейін ревизиялық эндопротез орнаттық. Бұл ортопедиялық операция ішіндегі ең ауыр оталардың бірі болып саналады. Яғни бір рет ота жасалған жерді тағы қозғап, операция жасаддық. Травматолог-ортопедтер мен анестезиологтар командасының біліктілігінің арқасында күрделі ота сәтті өтті», – дейді Рамазан Әскеров.

Пациент отадан кейін екінші күні төсекте отыратын болды. Үшінші күннен бастап арнайы құрылғының көмегімен жүре бастаған.

«Бұл – жоғары технологиялы операция. Пациенттің бұрынғы буынының орнына жасанды протез саламыз. Мұндай операцияларды барлық клиника жасай бермейді. Ол үшін арнайы дайындықтан өткен мамандар мен құрал-жабдықтар қажет. Оның үстіне, Қазақстанда эндопротездеу операцияларын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру арқылы тегін жасатуға болады», – дейді дәрігер.

КЕРЕК КЕҢЕС



## Жаңғақ өмірді ұзартады

**Біз бір-бірімізге тілек айтқанда, бақыт, байлық, табыс, қуаныш, шаттық тілеп жатамыз. Ал деніміз сау болса, осы айтылғандардың бәрі табылады бізден. Сондықтан денсаулыққа мән берген абзал. Осы орайда қарапайым кеңестерді ескеріп жүрген артық болмайды.**

Қатты ыстық тамақ ішпеңіз. Адам ағзасындағы тіндер нәзік болып келеді, ал ыстық тағам олардың тіршілігіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Суды бірнеше рет қайнатпаған дұрыс. Су қайнаған сайын пайдалы қасиеттерін жоғалтады.

Су ішкен пайдалы. Нақтырақ айтатын болсақ, әр адам өзінің бір келі салмағына 30 мл су ішкен дұрыс. Мысалы, сіздің салмағыңыз 70 келі болса, онда күніне екі литр су ішіңіз. Ал салмағыңыз 80 келі болса, 2,5 литр су жеткілікті.

Грек жаңғағын жеңіз, ол өмірді ұзартады. Оның құрамында Е дәрумені бар. Сондай-ақ, жаңғақ адам ағзасының қартаю процесін баяулатады.

Сабынмен күнде жуына бермеңіз. Теріңізді құрғатып жібереді. Сондай-ақ, сабынды жиі пайдалана берсек, терімізді түрлі инфекция мен тезірек қартаюдан қорғап тұратын қабатты да жуып тастайды екенбіз.

Күніне кем дегенде 8 сағат ұйықтаңыз. Ұйқыңыз тыныш болуы үшін бір уақытта жатып, бір уақытта тұруды әдетке айналдыру қажет. Имунитеттің көтеріліп, жай ғана көңілді жүрудің өзі ұйқының тыныштығынан.

МӘМС



## ҚҰРТ БАСҚАН БАУЫР ҚҰТҚАРЫЛДЫ

**Күрделі ота 4,5 сағатқа созылған**

**№7 қалалық клиникалық аурухана дәрігерлері жас жігіттің бауырына біткен паразитарлы кистаға ота жасап, пациенттің өмірін сақтап қалды. Бұл туралы бізге аурухананың баспасөз қызметі хабарлады.**

27 жастағы жігіт «Қалқаман» ауруханасына көрші Жетісу облысынан келген. Тексеру барысында дәрігерлер бауырдың сол жақ бөлігінде үлкен өскін пайда болғанына көз жеткізген. Салмағы 2 келіден асатын кистаның диаметрі 15 сантиметрді құрайды. Анасының айтуынша, бауырға біткен өскінді жергілікті мамандар осы жылдың тамыз айында анықтапты.

«Біз ауылда тұрамыз. Дәрігерлер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру арқылы тегін ота жасатып, алып тастауға болатынын айтты. Бірақ кейбір клиникалар мұндай операцияны жасаудан бас тартты. Себебі, бұл күрделі операция, оның үстіне балам мүгедек. Таныстардан Алматыдағы 7-ші аурухана жасайды дегенді естіп, осында келдік», – дейді науқастың анасы.

Аурухананың №1 хирургия бөлімшесінің меңгерушісі

Нұрлан Мәуленов бұл ауру ұсақ таспа құрттардан пайда болатынын айтады. Біртіндеп ішкі ағзалар зақымданып, эхинококк кистасы пайда болады. Ол кез келген уақытта жарылып кетуі мүмкін. Сондықтан бұл адам өмірі үшін аса қауіпті диагноздар қатарына жатады.

«Бауырға эхинококкэктомия деп аталатын ота жасалды. Операция барысында құрт жиналған өскін алып тасталып, пациенттің іш құрылысы зарарсыздандырылды. Ота шамамен, 4,5 сағатқа созылды. Әдетте мұндай операцияларды жасағанда кистаны ашуға тура келетін. Бұл жолы бауырдың сол жақ бөлігіндегі өскінді ашпай, төңірегіндегі орандар мен тіндерден ажыратып алдық», – дейді дәрігер.

Хирургиялық ота сәтті өтті. Қазір науқастың жағдайы жақсы, ауруханадан шықты. Алдағы уақытта ол амбулаториялық бақылауда болмақ.

Бетгіті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

## ҮШ ЖЫЛ ҚОЗҒАЛЫССЫЗ ҚАЛҒАН АЯҚ сәтті отадан кейін жүрді

**64 жастағы Ұйымхан Қалибек бес жылдан бері ревматоидты полиартритпен ауырады екен. Өзінің айтуынша, консервативті ем-дом ешқандай нәтиже бермеген.**

Салдарынан кейінгі үш жылда жүруден қалып, мүгедек арбаға таңылған науқасқа «жүйелі остеопороз, 3-4-деңгейлі гонартроз» деген диагнозбен хирургиялық ота жасау туралы шешім қабылданды.

Қытайда туып-өскен зейнеткер осыдан бірнеше жыл бұрын Шығыс Қазақстан облысына көшіп келген. Қазақстан мен ҚХР-ның бірқатар клиникасына қаралыпты. Бірі ауқымды әрі күрделі отаны жасаудан бас тартса, енді бірі қомақты қаражат сұраған. Науқас «Қалқамандағы» №7 ауруха-



наның ортохирургия бөлімшесіне жоспарлы түрде жатқызылды. Оған МӘМС қаражаты есебінен тегін ота жасалды.

«Ревматоидты полиартрит пен асқынған остеопороз салдарынан сүйектің морт сыну қаупі жоғары болды. Соған қарамастан, біз тәуекелге бел буып, күрделі операция жасадық. Тізе буынына артқы тұрақтандырылғышы бар эндопротез орнаттық. Операция жоспарға сай сәтті өтті. Пациент ертеңіне аяққа тұрды», – дейді аурухананың ортопед-дәрігері Ерлан Амиров.

Айтуынша, отадан кейін үш жыл бойы қозғалыссыз қалған аяқты бүгү, қимылдату біршама қиындық тудырған. Ортохирургия бөлімшесінде жүргізілген ерте оңалту іс-шарасының арқасында операция нәтижесі нығайтылып, пациент аяққа тұрды. Арбамен жеткізілген ол аурухана есігінен өз аяғымен шығып кетті дейді маман.





## ФУТБОЛ

Әлем чемпионаты  
Сауд Арабиясында  
өтеді

**Футболдан 2034 жылғы әлем чемпионатын өткізу мәртебесін Сауд Арабиясы иеленді. Бұл туралы FIFA президенті Джанни Инфантино хабарлады.**

Төрткүл дүние көз тігетін дүбірлі доданы өткізуге Сауд Арабиясы мен Аустралия өтініш берген. Алайда, соңғы сәтте Аустралия өз кандидатурасын алып тастады.

– 2026 жылғы ғаламат әлем чемпионатын Солтүстік Америка құрлығындағы Канада, Мексика мен АҚШ елдері ұйымдастырады. 2030 жылғы жарыс Африка (Марокко) мен Еуропа (Португалия, Испания) құрлықтарында, ал үш ойын Оңтүстік Америка құрлығының мерейтойына орай Аргентина, Парагвай және Уругвайда өтеді. 2034 жылғы әлем чемпионатын Сауд Арабиясы өткізеді. Үш әлем чемпионаты, 5 құрлық және 10 ел – бұл футболдың нағыз ғаламдық шарықтауы, – деп жазды Инфантино.

## КАРАТЭ

## «ЖЕҢІСКЕ АРМАН ЖЕТЕЛЕДІ»

**Мажарстан астанасы Будапешт қаласында өткен каратэден әлем чемпионатында Қазақстан тарихында тұңғыш алтын медальды Мөлдір Жаңбырбай жеңіп алды. Жеңісті жарыстан кейін батыр қазақ қызымен әңгімелесіп, тарихи алтын алынған Будапешт сапары туралы сұрадық.**



– Каратэмен айналысқаныңызға қанша уақыт болды?

– Спортқа деген қызығушылығым бала кезімнен бар. 10 жасымнан бастап каратэмен айналысып келемін. Қарасам, осы салада жүргеніме 14 жылдан астам уақыт өтіпті. Әр жаттығуға ынта-жігермен қатысқаным арқасында түрлі жарыстарда жеңіске қол жеткіздім. Спортта жүріп тұрмысқа шықтым. Қазіргі уақытта бір қызымыз бар, жарыстарға бірге қатысып, бір-бірімізге демеу боламыз. Каратэден әлем чемпионатында жұбайым Дидар Әмірәлі ерлер арасында өз салмағында қола жүлдеге ие болған еді.

– Мажарстандағы әлем үздіктерінің жарысы қалай өтті?

– Әлем чемпионатына 1300 адам қатысты. Әр салмақ дәрежесінде 70–80 адам бақ сынасты. Әлем чемпионаты жоғары деңгейде ұйымдастырылды деп айта аламын. Бағым мен бабым қатар шапқан дода болды. Жарыста бес жекпе-жек өткіздім. Оның біріншісі алжирлік спортшымен болды, мен онымен бұрын кездескен едім. Екіншісі жапон спортшысы, ол мен үшін жаңа қарсылас. Басында 4:0 есебімен жеңіліп жаттым. Соңында өзімді қолға алып,

кателікпен жұмыс істеп, оны да жеңдім. Үшінші жекпе-жегім жеңілдеу өтті. Себебі, Словакиядан келген спортшыны аса қиындықсыз жеңіп кеттім. Ал жартылай финалдағы қарсыласым бұрыннан кездесіп жүрген венесуалық спортшы болатын. Ол қызды 11:3 есебімен айқын басымдықпен жеңдім. Осылайша, финалға жолдама алдым. Финал мен үшін салыстырмалы түрде жеңіл болды. Есеп 5:6 болғанымен, қатты шаршадым деп айта алмаймын.

– Сізді жеңіске не жетеледі?

– Мені жеңіске жетелеген – менің қалауым. Әрбір адамды алға ұмтылдыратын дүние – ол арман. Сол арманға жету үшін тынбай еңбек етіп, өзімді шыңдадым. Қарсыластарымды зерттеп, кемшіл тұстарын сараладым. Жеңілген сәтте кемшіліктермен жұмыс істеуге тырыстым. Осылайша, әлем чемпионатында жеңіске жеткім келді, арманым орындалды. Енді басқа да арман-мақсаттарымызды ойға алып, сонымен жұмыс істейміз.

– Алдағы жоспарларыңыз қандай?

– Біздің спорт түрін Олимпиададан алып тастаған еді. Олимпиадаға қатысып, жүлдегер атану – әрбір спортшының арманы. Биылғы жылдың маңызды жарыстары аяқталды. Енді жақсылап емделіп, өзімізді қайта қалпымызға келтіреміз. Одан кейін әрі қарай жаттығуды қолға алмақпыз.

– Жас спортшыларға қандай кеңес бересіз?

– Қазақстанда спортқа жақсы жағдай жасалған. Басқа мемлекеттің спортшыларымен сөйлескенде байқаймын, жиындарға, Қазақстанның ішіндегі жарыстарға барғанымыздай жалақы төлеп, шығындарды мемлекет қаржыландырмайды екен.

Тіпті, дамыған Жапония мемлекетінің спортшыларына мұндай жағдай жасалмаған. Сол себептен спортшыларға айтарым, тек қана жаттығуларын жасап, бапкердің айтқанын мұқият тыңдаса, үлкен жетістіктерге жетуге болады.

## НЫСАНА КӨЗДЕУ

## ОЛИМПИАДА КВОТАСЫН ЖЕҢІП АЛДЫ

**Нысана көздеуден Қазақстан командасының өкілі Арина Алтухова Парижде (Франция) өтетін 2024 жылғы Олимпиада ойындарына қатысуға лицензияны ұтып алды.**

Ол Азия чемпионатында пневматикалық мылтықпен көздеуден (50 метрден, үш позиция) 590 ұпаймен финалға шықты. Сайыс нәтижесінде Арина бесінші болды, осылайша спортшымыз олимпиада квотасын жеңіп алды. Бұл форма түрінде екі лицензия ойналды.

Айта кеткен жөн, 2023 жылдың 22 қазаны мен 2 қарашасы аралығында Чангвонда (Оңтүстік Корея) спорттық атудан Азияның лицензиялық чемпионаты өтіп



жатыр. Жарысқа 30 елден 800-ден астам спортшы қатысты. Азия чемпионатында барлығы 24 олимпиада лицензиясы беріледі.

## ТУРНИР

**Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің Жас архившілер кеңесінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Заңының 25 жылдығына орай архив мекемелерінің қызметкерлері арасында үстел теннисінен турнир өтті.**

## СПОРТТЫҚ ШАРА ӨТТІ

Спорттық іс-шараға ҚР Орталық мемлекеттік архивінің «Орталық архив», ҚР Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архивінің «НТД», Алматы қаласы мемлекеттік архивінің «Верный», Алматы облысы мемлекеттік архивінің «Архив тарландары» және ҚР Президенті Архивінің «Жас қыран» командалары қатысты. Осы жылы ҚР Президентінің Архиві Заңның 25 жылдығына орай «Тарихи құжат – ұрпаққа аманат» атты архив марафоны аясында бірқатар спорттық шараларды ұйымдастырды. Көктемде архившілер арасында дәстүрлі волейбол турнирі өткен еді. Үстел теннисінен архившілер арасында жарыс өткізу де архивтік марафон аясында жүзеге асып отыр.



– Президент Архивінде үстел теннисінен жарыс төртінші жыл қатарынан өткізіліп келеді. Биыл біз басқа архивтерден әріптестерімізді турнирге қатысуды шақырдық. Осындай спорттық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы архившілерді тұрақты спортпен шұғылдандуға, дене шынықтырумен айналысуға шақырамыз, – деді Президент Архивінің Жас архившілер кеңесінің төрағасы Илияс Әбдиев.

Жарыс қорытындысы бойынша ерлер арасында 1-ші орынды «Верный» командасының ойыншысы Бауыржан Қоңқасов, 2-ші және 3-ші орынды «Жас қыран» командасының ойыншылары Мәди Шотаев пен Аян Жолдасов иеленді. Қыздар арасындағы бәсекеде 1-ші орынды «Орталық архив» командасынан Меруерт Мұқатай, 2-ші орынды «НТД» командасынан Ақбота Әділова, 3-ші орынды «Жас қыран» командасының ойыншысы Гаухар Бекішева иеленді.

Бетті дайындаған  
Досбол АТАЖАН.

## ТЕННИС

БІРІНШІ РАКЕТКАЛАР  
ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

**Қазақстанның бірінші, әлемнің 4-ракеткасы Елена Рыбакина Мексиканың Канкун қаласында өтіп жатқан WTA қорытынды турнирінде екінші матчын өткізді.**

Қазақстандық теннисші әлемнің 9-ракеткасы, грекиялық Мария Саккаримен кортка шықты. Үш сеттің екеуінде қарсыласынан басым түскен Рыбакина кездесу қорытындысы бойынша жеңіске жетті.

Бакалар тобында сынға түсіп жатқан Рыбакина алғашқы бәсекесінде әлемнің 5-ракеткасы, америкалық Джессика Пегулаға есе жіберген еді. Елена 3 қараша күні таңға қарай Соболенкоға қарсы бақ сынады. Теннисшіміз жеңіске жеткен жағдайда жартылай финалға жолдама алады.

Ал Қазақстанның бірінші, әлемнің 33-ракеткасы Александр Бублик Париж мастерс турнирінің үшінші айналымына шықты. Қазақстандық теннисші екінші айналымда әлемнің 20-ракеткасы, Чили өкілі Николас Харримен шеберлік байқасты. Бублик қос тай-брейкте 7:6 (7:3), 7:6 (7:3) есебімен басым түсті.

Енді теннисшіміз ширек финалға шығу үшін әлемнің 3-ракеткасы, ресейлік Даниил Медведев немесе рейтингте 17-орындағы болгариялық Григор Димитровтың біреуімен кездеседі.





## АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР

Заманбек Нұрқаділовтен кейін Алматыны Шалбай Құлмаханов басқарды. Солтүстік Қазақстанда, Ақтөбеде басшы, министр болған ол оған дейін Алматыда құрылыс, өндіріс саласында, мастер, прораб, трест бастығы жолынан өткен. Алматыға келгендегі алғаш көргені есіне түссе, әлі күнге бір дүр сілкініп басылатын шығар. Ұшақтан түскен кезде көргені бұрынғы әуежайдың өртеніп кеткен орны. Тура әуежай ортасында таудай болып қоқыс үйіліп жатыр. Көшенің жолдары қырық жамау. Жетер жеріңе жеткенше жүйкенің мықтылығына ғана сенесің. Көшеде қолына ұран ұстап айқайға басып, босып жүрген жұрт.

БІРІНШІ ҚАБАТТАН  
БАСТАҒАН БАСШЫ

Ереуіл, аштық жариялау. Батыстың жабайы демократиясы көшіп келген. Қысқасы, қаланың жағдайы өте мүшкіл. Оның үстіне кешегі мызғымас кеңес империясының келмеске кетіп, құлаған кезі. Бұрынғы экономикалық байланыстардың бәрі бырт-бырт үзіліп қалған. Экономикалық, саяси реформа жасаудың ауылы әлі алыс. Жекешелендіру бей-берекетсіз басталып, малдың бәрі көрінгеннің қолына кетіп, жабайы нарықтың басталған кезі. Зейнетақы уақытында берілмейді. Жалақы туралы сөз етуге болмайды. Ал енді мұндай жағдайда, әрине, қылмыстың да өзінен-өзі кен өрістейтініне сөз жоқ. Мұның алдында шаһардағы ішкі

жаулармен күресті бастап кеткен басшы «жығылған үстіне жұдырық» дегендей, Тә сияқты келімсектермен қалай алысқанын айтқан едік.

Міне, енді «жау жағадан алғанда, бөрі етекпен» алып қылмыстық топтар бұрынғыдан бетер өрішіп кеткен. Тексеру нәтижесінде 57 бандиттік топ бары анықталды. Бұл нақты тіркеудегісі емес, милицияның қолындағы бар мәлімет қана. Өлгі бандиттік топтар жемтігін бөлісе алмаған жағдайда, әр бутик, әр базардың «қрышалары» Талғар мен Малайя станица аймағында ашық күреске шығатын болған.

Тіпті, бұл кісі Ішкі істер министрі Қайырбек Сүлейменовпен бірлесіп, әлгі қарақшылардың басшыларымен түрлі тәсілдер бойынша келісімдерге баруға кіріскен. Қысқасы, қала басшысына бір мезгілде «комиссар Катанидің» кебін киюге де тура келді. Міне, осындай жағдайда жұмысты неден бастау керек. Әрине, тәртіп орнату қажет. Әкім әр салада қатаң тәртіптің болуын қатты қадағалап, сенімді кадрларды тарта бастады. Қ.Көшербаев, Қ.Бүкенов, А.Баталов, В.Устюгов тәрізді жігіттерді отқа да, суға да салды. Қаладағы сегіз ауданнан алты аудан қалдырып, оптимизация жасалды. Жаңа аудандар Әуезов, Жетісу аталды. Сонымен қатар, орынсыз жеңілдіктерді жүгендеді. Мәселен, коммуналдық қызмет көрсету саласындағы жеңілдіктер шектен шығып кеткен. Ол жеңілдіктердің саны 65-ке жеткен. Көп тұрғындар коммуналдық жеңілдіктерден заңға қайшы келетін әрекеттермен босатылған. Осы мәселеге орай жүргізілген тексерулердің нәтижесінде қалада бір ай ішінде 150 миллион теңге үнемделді.

Жылдар бойы жұрт жадында әсемдігімен қалған ару қала, арман қала Алматының ахуалы кімді алаңдатпасын?

Әсіресе, осы жағдайдың бәрін күнделікті көз алдынан, жүрегінен өткізіп отырған басшыға қалай оңай соқсын? Оның үстіне әлеуметтік, тұрмыстық қиындықтарды былай қойғанда, «отқа май құя түскен» саяси тартыстармен күресу және бар. Елдің бәрі демократ, ақылман болған заман. Сол тұста марқұм Ирина Савостина бастаған зейнеткерлердің саяси белсенділігі тым жоғары болып, қоғамда дүмпу туғызып жатты. Олардың көбісі коммунистер. Басым бөлігі өткенді көксейді. Өздері қалыптастырып алған дағды бойынша әр айдың соңында жиналып митингі өткізеді.

Бұл ретте «атамыз» Лениннің ескерткішін алаңнан алып кетудің өзі оңайға соққан жоқ. Митингішілер «Шалбай их далбай» деген қиыр сөзге дейін жазып алып шығады. Ақыры түнгі сағат он бірде паркті қоршап тұрып, ескерткішті алып, оны таңғы сағат бесте Сарыарқа кинотеатры жанындағы күні бұрын дайындаған тұғырына апарып орнатады. Коммунистер оны қызғыштай қорып, еріп отырған. Міне, осындай жоғары түсіністік деңгейінде жүргізілген жанкешті жұмыстар өз нәтижесін бере бастады.

Алматы Атыраудан кейін зейнетақыны уақытында алатын болды. Көп ұзамай Жаңа алаңда Тәуелсіздік монументін орнату Шалбай Құлмахановтың басқаруымен жүзеге асты. Осының бәрі айтқанға оңай, әрине. Жақсының қайда да ізі, жақсы ісі қалады ғой. Осы тұрғыдан келгенде оның Талдықорғанды қалай сақтап қалғаны да әлі күнге ел аузында аңыздай айтылады. Бұл ретте бірде бұл кісінің журналистерге берген сұхбатына ден қойсақ жетіп жатыр.

– Мен барғанда Талдықорғаннан адам қорқатын, – дейді ол. «Екі жүзден астам үйлер, мекемелер бос қалған. Үнірейіп тұр. Көшеде бір жарық жанбайды. Бір бағдаршам істемейді. Кешке тек иттер шулап жатады, бір машина жүрмейді. Менде бұл туралы суреттер, таспалар сақтаулы. Жол шұрық тесік. Елдің бәрі кетіп қалған. Қалада 144 мың халық болған. Содан мен барғанда 98 мыңы ғана қалған. Үштен бір бөлігі көшіп кеткен. Кадр жоқ. Алматыдан мамандар алып бару керек болды. Оған тек 40 пайызға рұқсат беріп, қалғанын жергілікті кадрдан аласындар» деді. Түнгі сағат екіде барып құрылысты тексеремін. Жаңа көшелер, үйлер салынды. Бұрын жұрт далаға от жағатын. «Буржуйка» дегенді естүіңіз бар ма? Көпқабатты үйлердің терезелерінен мұржа шығарып қойып, от жағады. Жалпы, Шәкен әр кезде осынау аласапыран жылдарда журналистердің қолдау білдіргеніне ризашылығын да жасырмайды.

Токсаныншы жылдардағы жағдайда істің көзін табу, халықтың көңілінен шығу үшін басшылық қандай әрекеттерге бармады десеңізші. Бар күш-жігер шағын бизнесті көтеруге бағытталды. Германия, Малайзия, Сингапур секілді өскен елдердің тәжірибесінен үйреніп, сапаршылауға тура келді. Оларда табыстың 70–80 пайызын беретін шағын кәсіпкерлік халықтың күн көріс көзіне айналған. Шәкен осы бағытта жұмыс істеуге бар күшті жұмылдырады. Қаладағы бірінші қабатта тұратын тұрғындарға басқа жерден үй беріп, халыққа қолжетімді бағамен қызмет көрсететін орталықтар ашыла бастады. Қысқасы, қысқа күнде 800-дей пәтер босатылды. Айналып келгенде бұл тәсілдің тиімді болғанына бүгінгі күнгі өмірімізден алып айтар мысал жетіп- артылады.

Қ.ҚОШҚАРУЛЫ.

## ОҚЫРМАН ҰСЫНЫСЫ

ӨЛМЕС ӨНЕР ИЕСІ –  
Ермек Серкебаевқа ескерткіш ашылса  
дейді Бекен ақсақал

Редакциямызға Алматы қаласының тұрғыны, зейнеткер, экономика ғылымының кандидаты, Еңбек ардагері, газетіміздің тұрақты оқырманы Бекен Көкішев хабарласты. Ақсақалдың газет арқылы жеткізгісі келетін өтініш-тілегі бар екен. Бұйымтайы сол – Кеңес Одағының және Қазақстанның халық артисі, КСРО және Қазақстан Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, әйгілі әнші Ермек Серкебаевтың құрметіне Алматы төрінен ескерткіш орнатылса дейді.

Нұржамал  
ӘЛІШЕВА

Бекен ата еңбек жолын қарапайым ұжымшарда зоотехник болып бастап, Ауыл шаруашылығы министрлігіндегі жауапты қызметке дейін көтеріліпті. Алматы қаласы Әуезов аудандық кеңесіне екі мәрте депутат болып сайланған. Кешегі өз алдымызға отау құрып, егемендік алған, жаңа қоғам басталған аумалы-төкпелі кезеңде де тәуелсіз ел көшінің түзу болуы жолында аянбай қызмет етіпті.

Ауыл шаруашылығы саласы маманының классикалық өнер иесі туралы асқан ілтипатпен айтқанына алғашында біз де елең ете қалдық. Сөйтсек, Бекен ата Ермек Бекмұхамедұлының бүкіл әнін тыңдап өскен, өнерді жанындай жақсы көретін, бағалай білетін жан болып шықты.

– Балам, мен Ермек Серкебаевтың әнімен өсіп, қартайған адаммын. Ұзақ жылдар Дінмұхамед Қонаевтың жанында жүріп, шетелдерге жиі шықтық, Ермек Серкебаевпен де сапарлас, дәмдес болдым. Ермек пейілі кең, жайсаң жан еді. Бекзат өнер иесінің бітім-болмысы да бекзат болатын. Кең тынысты дауысы қандай керемет еді! Мен басқа саланың



маманы болсам да өнерді, өнер адамдарын жанымдай жақсы көремін. Концерттеріне жиі барушы едік. Ол қазақ және әлемдік опералардағы партияларды зор шеберлікпен орындады. Камералық және эстрадалық әнші ретінде де кеңінен танылды. Оның репертуарынан қазақтың халық әндері мен қатар, Кеңес Одағы және дүние жүзі сазгерлерінің таңдаулы туындылары кеңінен орын алды. Оның «Біздің сүйікті дәрігер», «Тақиялы періште», «Ән қанатында» сынды отандық фильмдердегі рөлдері де әлі күнге есімізде, – дейді Бекен ақсақал.

Иә, қазақтың ән өнерін Еуропа

мен Азияның көптеген мемлекетінде кеңінен насихаттап, әлемдік биікке көтерген Ермек Серкебаев сынды тұлғаның есімі мәңгілік болуы келер ұрпақ үшін керек. «Ол ән салғанда, зал толы көрермен тікесінен тік тұрып қол соққанын талай көргенмін» деген Бекен қария әнші ескерткішінің шаһардың қай маңынан бой көтергенін қалайтынын да айтып қалды.

«Ермек Серкебаев осыдан тура он жыл бұрын, қарашада 87 жасында дүниеден озды. Бірегей тұлғамызды жерлеу комиссиясының құрамында мен де болып, ақтық сапарға шығарып салған күнді де ұмытпаймын. Сол сәттен бері әншіге Алматыдан еңселі ескерткіш ашылса ғой деген ой еш маза берген емес. Өзім бас болып, білек сыбана кіріскеніме де біраз жыл болды. Менің Ермек Серкебаевтың ескерткіші Абылай хан даңғылындағы 83-үйде орналасқан Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі ғимаратының

алдынан бой көтерсе деген ұсынысым бар. Серкебаев Абай атындағы опера және балет театрында солист болып жүріп, аталған оркестрмен, талай мәрте сахна төріне шыққан. Ұлт мақтанышы Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияның профессоры ретінде көптеген шәкірт тәрбиелеп, өзіндік ән мектебін қалыптастырды. Абылай хан даңғылы кісі аяғы көп жүретін жер, сондықтан оның бейнесін көрген жастар да әлемдік деңгейдегі тұлғамызды ұлықтап жүрері сөзсіз. Жасамыз да бірталайға келді, балам, осы ескерткішті көріп кету – арманым», – деп аяқтады сөзін Бекен Көкішев.

## ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

ДОМБЫРАНЫҢ  
МАЭСТРОСЫ ЕДІ

Даламыздың үні болған домбыраның қоңыр үнін қалыпқа келтіруді өзіне асқақ арман санаған Жұмагелді Нәжімеденов көзі тірі болғанда, биыл жетпіс жасқа келер еді. Ол – белгілі ақын, мемлекеттік Әнұранның авторы Жүкемен Нәжімеденовтің бауыры. Осындай арда азаматтың есімін еске алмауды бүгінгі ұрпақ үшін үлкен сын дер едім. Тіпті, «домбыраның маэстрасы» атанған Жұмагелді Нәжімеденовтей қайталанбас тұлғаны іздеу соңында қалған ел азаматтарының міндеті емес пе?



Оқырмандарымызға ақпарат жеткілікті болу үшін Жұмагелді Нәжімеденовтің өмірбаянымен кеңірек таныстыра кеткенді жөн көріп отырмын. Жұмагелді Нәжімеденов Атырау облысының Құрманғазы ауданы, Қошалак ауылында 1953 жылы дүниеге келді. Зерек баланың білімі де жанжақты болды. Өнерге деген құштарлық оны осынау дара жолға салып, 1976 жылы Атырау музыкалық колледжінің домбыра сыныбын, ал 1983 жылы Алматыдағы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияны үздік бітіреді.

Көненен келе жатқан аспаптың қоңыр үні өзгеріске ұшырағанын алғаш рет елге айтып, дабыл қаққан да марқұм домбырашы, дирижер, өнер зерттеушісі Жұмагелді Нәжімеденов еді. Кезінде

Жұмагелді Нәжімеденов домбыраға қатысты өзекті мәселе – ішектің дұрыс таңдалмауы туралы сан рет айтты. Сосын тағы бұл мәселе ел құлағына енген сәтте ішек жасайтын арнайы цех ашу керек екендігі жөнінде бастама көтерді. Міне, оны қалай ұмытуға болады?

Үнемі ізденісте жүрген азамат 1998 жылдан ғылыми жұмыспен айналысып, 2003 жылы «Қазақ домбырасының музыкалық-акустикалық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын, сосын докторлық диссертациясын қорғайды. Еліміздегі мерзімді баспасөз беттері мен журналдарда 180-нен астам ғылыми мақаласы жарық көрген. Қазақ руханиятына зор үлес қосқан азамат 20-дан астам кітаптың авторы. Халықтық музыканы ғылыми дәрежеге

көтеруге атсалысып, зор үлес қосқан зерттеуші, профессор.

Соңғы жылдары қазақтың «Мәдени саясат және өнертану» институтының акустика және музыкалық технология зертханасының меңгерушісі болып еңбек етті.

Асқақ арманы биік азаматтың тағы бір аманы – «Домбыратану» қазақ мектептерінде пән ретінде енгізілуі еді. Бір қуанарлығы, бұл мәселе қазір көпшілік тарапынан қызу қолдау тауып отыр. Дегенмен, бір өкініштісі, артына өшпес мұра қалдырған ғалымның соңында іздеушісінің болмай тұрғаны...

Артындағы шәкірттерінің ұлағатты ұстаздарын еске алары анық. Жақсы көретін ағасы ретінде мен де еске алып отырмын.

Қанат ИМАНҒАЛИҰЛЫ.





ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

# ТАРЛАНБОЗ ТАРИХШЫ



Әнуарбек  
ӘУЕЛБЕК

1952 жылдың ақ қар, көк мұз болған аязды күндерінің бірінде Қазақстанда сот болды. Алматы қаласында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы соты жалғыз адамды 25 жылға бас бостандығынан айырды. Қазақ тарихын жазғаны үшін оның авторы айыпталып, жарық көргеніне бес жыл болған кітабы үшін темір торға қамалды. Кітап үш ғасыр бойы жүргізіліп келе жатқан отарлау саясатының бетпердесін сыпырып тастаған. Найзаның ұшымен, білектің күшімен елін, жерін қорғап, әр адым жер үшін жан алысып, жан беріскен еңірген ерлеріміздің ерлігін әлемге паш етті. Бұл – «Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында» деген кітап болатын. Оны жазған 37-ге жаңа толған талантты тарихшы Ермұхан Бекмаханов еді.

## Тарихи ерлік

Кейінгілер тәуелсіздік алар тұста ғана батылдық танытып айта бастаған тарихымыздың тұмшалаулы тұстарының томағасын Бекмаханов жарты ғасыр бұрын сыпырған болатын. Жеке басқа табынушылық пен коммунистік жүйе үстемдік құрып тұрған тұста бұл оңай емес еді. Бекмаханов ерлік жасады! Тарихи ерлік. Кімге болсын, қай кезде де үлгі болар іс. Сұрқия саясаттың табанында тұншығып шыңғырған шындық шыңға бір-ақ шыққан. Жылдар бойы жиналып жан ауыртқан азапты айбалталы ақиқат аямай соқты. Мұндай ерлік құрбандықты қажет етеді. Бекмаханов басын құрбандыққа байлады. Ол бұдан бұрын да саяси қуғын-сүргін орын алғанын жақсы білетін еді, алайда, бұл жолғы қуғын-сүргіннің өз ерекшелігі болған.

– Бірде ашық, бірде жасырын, әйтеуір қуғын-сүргін саясаты XX ғасырда ылғи да жүріп отырды. Бұны ғылыми тілмен айтсақ, қуғын-сүргін саясатының перманенттік саясаты деп есептейміз. Бұл, әсіресе, Қазақстанда үзіліссіз жүріп отырған. Әр жылдардағы қуғын-сүргіннің өз мақсаты, өзіне тән ерекшелігі болды. Соғыстан кейінгі репрессия саясатына – 40-50 жылдарға келсек, бұл уақыттағы саясат қазақ зиялыларын біржолата құрту, тұқырту, рухани



еркіндігінен айыру, езін-жаниуды көздеген қитұрқы саясат болды, – дейді тарих ғылымының докторы Мәмбет Қойгелдиев.

Негізінде, ұлтымыздың тарихы мен Бекмахановқа қатысты әңгіме бұдан он жылдай бұрын басталған еді. Дәлірек айтқанда, 1943 жылдың жадыраған жазында «Қазақ ССР тарихы» кітабы басылып шыққан болатын. Кеңестік республикалардың жеке тарихын қозғаған тұңғыш кітап болғандықтан және оған белгілі де беделді ғалымдар қатысқандықтан ол ерекше назар аудартты. Бәрінен бұрын таяқтың бір ұшы 1837–1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлының отаршыларға қарсы көтерілісінің ақиқатын ашқан Ермұхан Бекмахановқа тиген еді. Сталиндік сыйлыққа ұсынылған кітапқа қатысты әңгіменің соңы қасіретке айналды.

Екінші дүниежүзілік соғыста Мәскеуге қауіп төнген тұста маңдайалды кеңестік тарихшылар Алматыға көшірілді. 1943 жылы шыққан «Қазақ ССР тарихы» осылар әзірлеген. Бел ортасында Бекмаханов бар еді. Кейін оған «ұлтшылдық ауытқуға барған» деп кінә тағылғанда, оның бір ұшы басқаларға да тиді. Яғни мәскеулік ғалымдар да ұлтшылдар тобына қосылған. Кісі күлерлік жәйт. Бірақ ол кезде ешкім күлген жоқ.

## Қызметтен шеттетіліп, партиядан қуылды

XIX ғасырдың 20–40 жылдарын зерттеген Бекмахановты 1950 жылы 26 желтоқсанда «Правда» газеті сынға алды. Бұл отқа май құйғандай болды. «Бекма-

ханов ісінің» тездетілуіне септігі тиді. Ол қызметтен шеттетіліп, партиядан қуылды. Қазақ мемлекеттік университетіндегі өзі ашқан Қазақ ССР тарихы кафедрасы жабылып, Нарынқол мен Шу өңірлерінде мұғалім болып істеген. 1952 жылдың 5 қыркүйегінде тұтқынға алынып, РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 10-тармағы, 2-бөлімінде көрсетілгендей, «Кеңес өкіметіне қарсы пікірде болып, 1942–1951 жылдар аралығында ұлтшылдық идеяларды уағыздап және антисоветтік үгіт жүргізгені үшін» деп айып тағылып, ГУЛАГ-тан бір-ақ шығады. Бұл да оп-оңай бола қойған жоқ, оны 25 жылға соттау үшін үш ай терген.

Әлемге әйгілі тарихшы, академик Анна Михайловна Панкратова 1949 жылғы 11 қазанда ұлтымыздың абзал перзенті Ілияс Омаровқа жазған хатында бірқатар тарихшылардың арасында тарихи шындыққа қарсы, қазақ халқының тарихын тұмшалауға деген ерекше ұмтылыс барын айтқан. Абылай мен Кенесарыны қазақтар неге қаралауы тиіс дей отырып, оған өзінің қарсылығын білдірген. Олар тарих ғылымының саясат шырғауында қалғанын жақсы түсінді.

– Тарихқа саясат қатты әсер етеді. Бірақ соған қарамастан, Ерекеннің оқулығы отыз жыл бойы қазақ балаларының жақсы оқулығы болып келді. Өзі қайтыс болғаннан кейін отыз жыл бойына балалар сол кітап арқылы Қазақстан тарихын біліп отырды. Қарап отырсаң, геометрия мен математика ғана сондай ұзақ уақыт өзгеріссіз тұрады, оларда өзгеріс бола қоймайды, – дейді Бекмахановтың зайыбы, педагогика

ғылымының кандидаты, доцент Халима Бекмұхамедқызы.

## Баға жетпес құнды еңбектері мен ісін алға жалғастыра ұрпағы қалды

40–50 жылдары қуғын көрген жалғыз Бекмаханов емес, шындық жолын ұстанған бірқатар ғалымдар мен ақын-жазушылар да осының кебін киді. Олардың қатарында Ахмет Жұбанов, Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Смайылов, Темірхан Нұртазин, Домбровский мен Әлжаппар Әбішев, Сәрсен Аманжолов, Қалижан Бекхожин, Сапарғали Бегалин, Бекежан Сүлейменов және Қайым Мұхамедханов сияқты белгілі адамдар бар. Сәтбаев пен Әуезов Мәскеуді паналап аман қалған. Алайда, сол кездері тарих ғылымы саласында ерекше көзге түсіп, қауіп төндіргені Бекмаханов болды.

Себебі, ол кезінде Сырым Датов пен Исатай Тайманов бастаған ұлт-азаттық көтерілістің ауқымды түрде өрістеуіне қол жеткізген Кенесары Қасымұлының негізгі мақсатын айқын көрсете білді. Барлық қазақтың басын қосып, бір орталыққа бағынған мемлекет құрмайынша, тәуелсіздік алу мүмкін емес. Кенесары осы үшін күрескен, Бекмаханов осыны сипаттап жазғаны үшін таяқ жеді. Бірақ қайсар жанды ешкім сындыра алған жоқ. Араға екі жылдай уақыт салып барып Сталин қайтыс болады. Тән азабы мен жан азабын қоса көрген Бекмаханов айдаудан екі жылдан соң қайта оралды. Он екі жыл жемісті еңбек етіп, 50 жасында көз жұмды. Сол елу жылының жиырма жылын құдай қосқан қосағы Халима Бекмұхамедқызымен бірге өткізген. Халима алай оның ең сенімді серігі әрі көмекшісі болды. Болашаққа деген сенімінің артуына оның көп ықпалы тиген. Соның арқасында Ерағанның артында баға жетпес құнды еңбектері мен ісін алға жалғастыра ұрпағы қалды.

– Әр қазақ өз ұлтының тарихын жақсы білуі керек деп ойлаймын. Қазақ тарихы өте қасіретті тарих. Тәуелсіздік жолында халқымыздың қаншама қаны төгілді, біздер сондықтан да өз мемлекетіміз туының жоғарылай түсуіне үлес қосудымыз керек. Болашақта атамның ісін жаластырамын деген ойдамын. Біздің қоғамға, әсіресе, қазақ қоғамына көп еңбек сіңірсем арманым жоқ, – дейді Бекмахановтың немересі Әнуар Кермұханұлы.

Өмір көші ештеңеге қарамайды ғой, кезінде Бекмахановты соққыға алған «Правда» газеті кейін ешкімге керек болмай қалды, ал Бекмахановтың еңбектері бірнеше мәрте қайта басылып шықты.

КЕЗДЕСУ

## ӘСЕРЛІ ӘДЕБИ КЕШ ӨТТІ

Республика күніне орай, Алматыдағы Сәбит Мұқанов – Ғабит Мүсірепов музейінде «Елім менің» атты әдеби кеш өтті. Онда республикалық медицина колледжінің студенттері ҚР Ұлттық кітапханасы жанындағы «Жас қалам» бірлестігінің жетекшісі және «Тұлға – достық» қоғамдық қорының директоры, ақын Мұратхан Шоқанмен кездесті. Игі шараны ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әділғазы Қайырбеков жүргізді.

Мұратхан Шоқанның өлендері ұлттық сипатымен ерекшеленеді. Ұлы далада орын алған ерлік шежірелерін поэзия нақыштарымен шебер өрнектейді. Жерін жауға, елін дауға бермеген бабаларымыздың қайраткерлік іс-әрекеттері жыр арқауына айналды. Сонымен қатар, Тәуелсіздіктің қадір-қа-



сиеті жан-жақты көрсетілді. Осы жолда атқарылып жатқан бүгінгі жұмыстарды да автор оқырмандар жүрегіне жылы тиетіндей етіп әдемі сомдаған. Жастарды отансүйгіштік

сезімге бөледі. Ақын жырынан алған әсер олардың көңілінен шықты.

Медицина колледжінің студенттерін өнер мен әдебиетке баулыған, оларды ұйымдастырып, кездесуге алып келген ұстазы Есенгүл Оспанқызы аз уақыттың ішінде шәкірттерін тіл өнеріне қызықтырып үлгерген. Ол жастардың ақынға қойған мәнді сұрақтарынан, ойлы пікір айтқандарынан анық байқалды. Студенттер С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің кітаптарымен де жақсы таныс болып шықты.

Ақынмен кездесуде жастар шығармашылық кештің көрігін қыздырды. Мұратхан Шоқанмен бірге Мұқағали Мақатаевтың, Мұхтар Шахановтың, Несіпбек Айтұлының өлендерін жатқа айтты. Қазақтың қара домбырасын да сөйлетті. «Адай», «Ерке сұлқым» секілді күйлерді нақышына келтіріп орындады. Кіші дәрігер мамандығын иеленетін жастардың өнер мен әдебиетке сүйіспеншілігіне жиналғандар тәнті болды.

Әдеби кешті қорытындылаған музей кешенінің жетекшісі Анар Көшербаева ақын Мұратхан Шоқанмен студенттерге зор ризашылығын білдірді. Оларға әдеби кештің естелігі ретінде «Мұқановтың хатханасы», «Мүсіреповтің хатханасы» кітаптарын сыйға тартты.

Болат МӘЖИТ.





# ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

## Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

## Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

**Редакция мекенжайы:** 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

**Ескерту!** Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

## Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

## 2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

6433,44 теңге

4033,44 теңге

## Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

**Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.**

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.

## Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



Бас директор –  
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**

**Қабылдау бөлмесі:**  
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –  
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық  
жөніндегі орынбасары –

**Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**  
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –  
**Төрехан ДАНИЯР**

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –  
**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

**Серік ЖҰМАБАЕВ**

тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

**Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

**Құралы ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

**Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ**

тел: 293-08-12.

e-mail: d\_kuanys@mail.ru

Жарнама және

тарату бөлімінің менеджері –

**Әсел ТАШИБАЕВА**

e-mail: dalemesh@vecher.kz

тел: 293-08-12.

## Шығармашылық даму

жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:

**Мұрат ӘУЕЗОВ,**

**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**

**Сейітқазы МАТАЕВ.**

Газетті жеткізу бойынша  
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ

Алматы почтамтына:

+7 707 932 39 18 телефондары

арқылы хабарласыңыз

Almaty  
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-  
саяси қалалық басылым.

## Меншік иесі:

«Almaty Aqparat» ЖШС.

alatayaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі

күндері шығады.

Апталық

таралымы – 18 663

## Кезекші редактор –

**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№КЗ80VР00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның  
компьютер орталығында теріліп,  
беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы қаласы,

Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің

электронды нұсқасы

«AIR ASTANA»

әуе компаниясы бортндағы

жолаушыларға қолжетімді.

## МЕРЕКЕЛІК КЕШ

# «БЕЙБІТ ЕЛДІҢ ҰЛАНЫМЫЗ»

Алмалы ауданындағы №14 бөбекжай-балабақшада кішкентай бұлдіршіндерді достыққа, бірлікке, отансүйгіштікке шақыратын, «Бейбіт елдің ұланымыз, бейбітшілік жыр-әніміз» деп аталатын мерекелік кеш ұйымдастырылды. Бұлдіршіндер бұл мерекені ерекше атап өтті.



Аталмыш мерекелік кешке бөбекжай-балабақшаның мектепалды «Қызғалдақ» тобы мен «Мальвина» ересектер тобының тәрбиеленушілері қатысты. Балабақша меңгерушісі Ләззат Сәлімова бұлдіршіндерге еліміздегі ең ұлық мереке туралы айтып берді.

– 1990 жылғы 25 қазанында Қазақстанның егемендігі туралы Декларация қабылданды. Міне, осы күннен бастап, біздің елімізді бүкіл дүние жүзі мойындап, бірнеше ұйымға мүше болдық. Қазір біздің Қазақстанды бүкіл әлем таниды. Еліміздің ертеңгі болашағы сендерсіңдер! Ертең сендер де азамат болып, Отанымызды көркейтуге үлес қосатын боласыңдар! – деп балақайларға баланың тілімен мерекенің маңыздылығын түсінікті етіп жеткізді.

Осыдан соң балақайлар да мерекеге әзірлеген өз тартуларын ұсынды. Әдемі ән, өлең-тақпақ кештің көркін кіргізіп, мазмұнын ашты. Кеш барысында бейбіт елдің бакыт бесігінде тербелген балақайлар бір кездері осынау тәтті өмір үшін ата-бабаларының атқа қонып, елін қорғағанын білді. Бұл күнгі мерекелік іс-шараның мазмұнды өтуіне балабақша әдіскерлері Динара Мамытбаева, Меруерт Амирбекқызы, тәрбиешілер Айсулу Юсупова, Валентина Лисица, Ирина Кашникова, музыка жетекшілері Берік Керімбаев, Сәния Пұсырманова көп еңбектенді.

«Зердеш» ЖШС мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ана төлемі жылына **1200 АЕК**-тен аспауы керек (2023 жылы – 4 140 000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз.

**Сенім телефондары:** 8 (7172) 69-50-37, 8 (7172) 69-50-58, **сайты:** www.fincenter.kz

## МЕКТЕПKE ДАЯРЛЫҚ



# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Жетісу ауданындағы №61 бөбекжай-балабақшада бірнеше ұлттың балалары тәрбиеленіп жатыр. Бір отбасының баласындай тату-тәтті тіршілік етіп жатқан балабақша бұлдіршіндері еліміздегі ұлық мерекеден шет қалмай, өз үлестерін қосты.

Осынау мереке аясында шаңырағына шаттық ұялаған балабақшаның мектепке даярлық тобы «Менің Отаным – Қазақстан» атты аудандық семинарға өздері даярлаған бағдарламаны ұсынды. Семинар жұмысына методикалық бірлестік мүшелері, аудан көлеміндегі балабақша тәрбиешілері қатысты. Семинардың негізгі тақырыбы ұлттық құндылықтарды ұлықтауға негізделгендіктен, №61 бөбекжай-балабақша меңгерушісі Орын Смағұлқызы жан-жақты мағлұмат беріп, айтулы мерекемен құттықтады.

Бұл күні мектепке даярлық тобының тәрбиешісі Инна Харина балақайлармен бірге қазақтың салт-дәстүріне байланысты оқу-қызметін тартымды етіп өткізді. Семинарға қатысушылар өздерінің ортақ ой-пікірлерімен бөлісіп, әдістемелік тәжірибе алмасты.

Дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.

## Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының хабарламасы

2023 жылғы 31 қазанда Алматы қаласы аумақтық комиссиясы Алматы қаласы мәслихатының шығып қалған депутаттың орнына №4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Елена Евгеньевна Бакарасова депутат болып тіркелді.

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясы.





## ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

Қара күз жүріп жатыр. Күздің ақырғы айы. Бұл айды қазекең Қауыс деп атаған. Әртүрлі себептермен ай аты амалға ауысып кеткен көрінеді.

Біраз күз амалдары артта қалды. Өткен пайымымызда айтқанымыздай, енді үш күннен кейін «Бозқырау» (Боқырау) амалы басталады. Ол қыстың алғашқы белгісі.

Сәрсенбек  
БЕКМҰРАТУЛЫ

Бұрынғы жұлдызшылар осы амалға қарап, алдағы қыстың қас-қабағын, барысын байқаған. «Бозқырау» нағыз қыраудың өзі, суықтың көзі. Әдетте қарашаның басында қар жауып, күшті жел тұратыны белгілі. Биыл ондай табиғат құбылысы орын алып тұрған жоқ. Бірлі-жарым жел мен жауын-шашын көрініс бергенімен, салқын, ызғар болған жоқ әлі. Дегенмен, Алматының өзінде болмағанмен, төңірегіне қар ұшқыны, боз қырау түсті. Мұны қазекең «Ала канат» деп атаған (бір аумаққа жауып, бір аумаққа жаумай жерге ала түскен қар).

Сонымен қарашаның да амалдары аз емес. Солардың бірнешеуіне тоқтала кетейін. Қараша айы туысымен құстар жылы жаққа қарай ұшып, алғашқы қар түседі, күн суытып, өзен, көлде мұз қатады. Қарашада құстардың қайтуына, қараша айының қайта келуіне байланысты жылдың осы мезгілін «қарашаның қайтуы» деп атаған. Қарашаның 10 жаңасынан 15 жаңасына дейін жалғасатын «Боқырау» амалы бар. Кейбіреулер бұл боқ пен қырау деген сөзден құралған деседі. Боққа (тезек-жапаға) тұрған қырауды, яғни жылқының түнгі құмалағына қатқан қырауды мензеуден туған. Бұл кезде биенің ішіндегі құлын көлденең жатпағандықтан, әрі жылқы түнде де жайылатындықтан қырау түскен шөпті жеген бие құлын тастап қояды, сондықтан жылқышылар бұл кезде жылқыны күнге қайырады.

«Қарашада қар жатпайды, қар жатса тек жатпайды» деген мақалы бар. Айдың маңызды амалының бірі – «Қауыс».



**«Ит балағынан түлесе ойдың қысы, жонынан түлесе, қырдың қысы болады».**  
**Бабалар болжамы осындай...**

## БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ТАБИҒАТ АМАЛДАРЫНА ҚАРАП  
ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

- \* Құйын көп болса, қыс аязды болады. Жаз бен күз найзағайлы болса, қыс жайлы болады.
- \* Бұлт желге қарай көшетін болса, ұзамай жаңбыр жауады.
- \* Тышқан бийке шығып шықылдаса, ұзамай қар жауады.
- \* Торғайлар ұясына мамық таси бастаса, күн кенеттен қатты суытады.

# ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР САЛАСЫНДА ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАРҒА ЖАУАПТАР

«АЛСЕКО» АҚ (бұдан әрі – АЛСЕКО) – 1998 жылдан бастап қазақстандықтардың күнделікті өміріне жаңа технологияларды енгізіп, қарқынды дамып келе жатқан IT-компания. АЛСЕКО коммуналдық және басқа қызметтерді жеткізуші компаниялармен серіктесу арқылы үлкен деректерді жинау, өңдеу және талдауда айтарлықтай тәжірибе жинады. Компания биік белестерге ұмтылады және озық ойларды жүзеге асырады.

Бұл ретте АЛСЕКО жеткізушілер ұсынған ақпарат негізінде ай сайын коммуналдық және өзге де қызметтерге ақы төлеу шоттарын қалыптастыратынын атап өтеміз. Ұсынған ақпарат үшін жауапкершілікті жеткізушілер көтереді.

Бұл мақалада АЛСЕКО тұтынушыларынан байланыс орталығына жиі келіп түсетін сұрақтарға жауап береді. Біздің компания қалыптастыратын коммуналдық қызметтер мен шотқа (бұдан әрі – АЛСЕКО шоты) байланысты туындаған мәселелерді шешу үшін барынша пайдалы ақпарат бергісі келеді. Егер сізде қосымша сұрақтар туындаса, төмендегі контактілерге хабарласыңыз.

## 1. АЛСЕКО шотындағы деректерді қалай өзгертуге болады (жылжымайтын мүлік иесінің аты-жөні, тұратындар саны және т.б.)?

Компания Алматы тұрғындарынан пәтер тиісті мемлекеттік органдарда қайта рәсімделгенімен, шотта алдыңғы меншік иесінің деректері көрсетілгеніне байланысты өтініштерді жиі алады. Себебі, болған өзгерістер туралы ақпарат көпшілікке қолжетімді емес және жылжымайтын мүлік иесінің келісімінсіз коммуналдық жеткізушілер мен АЛСЕКО-ға берілмейді.

АЛСЕКО Алматы тұрғындары шоттағы деректерді оңай және тез өзгерте алатындай жағдай жасау үшін келесі жолдарды ұсынады:

- ЭЦҚ болған жағдайда сіз: smart.alseco.kz. сайтында электрондық өтінім бере аласыз; тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы анықтама немесе жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) болуы туралы анықтаманы тіркеп, өтінімге ЭЦҚ-мен қол қоясыз. Өтінім



мақұлданғаннан кейін енгізілген өзгерістер автоматты түрде АЛСЕКО шотындағы қызметтері бар барлық жеткізушілерге жіберіледі. Өтінімді өңдеу мәртебесін smart.alseco.kz сайтындағы «Өтінімдер» бөлімінде бақылауға болады.

● Бұдан басқа, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС сайтында шоттағы аты-жөні өзгертуге электрондық өтінім беру мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, сіз коммуналдық қызметтерді жеткізушілердің біріне өтінішпен және жылжымайтын мүлік объектісіне қажетті құқық белгілейтін құжаттармен жүгіне аласыз. Олар: тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы анықтама, жылжымайтын мүліктің жоқтығы (бар болуы) туралы анықтама, жылжымайтын мүлікке құқықтарыңызды растайтын сатып алу-сату, сыйға тарту шарттарының көшірмелері болуы мүмкін. Бұл рәсімді келесі ұйымдарда орындауға болады:

- Алматы ЭнергоСбыт» ЖШС;
- Алматы жылу желілері» ЖШС;
- Алматыгаз» АРЦ» ЖШС;

– Алматы қ. ЭЭСЖБ «Алматы Су» ШЖҚ МКК;

– «АҚ Тәртіп» ЖШС.

Жеткізушілердің мекенжайлары бар жадынаманы АЛСЕКО сайтындағы «Тұтынушыларға арналған ақпарат» бөлімінен жүктеуге болады.

**Маңызды! Қызметті жеткізушіні таңдағанда, оның қызметтері АЛСЕКО шотында бар екеніне көз жеткізіңіз.**

## 2. Егер сіз қателесіп коммуналдық төлеміңізді екі рет төлесіз не істеу керек?

Егер сіз қателесіп коммуналдық төлемді екі рет төлесіз, ақшаны провайдерлер есепке алады және келесі шотта артық төлем ретінде көрсетіледі.

АЛСЕКО коммуналдық қызметтер үшін ақша алмайды, компанияға тек төлем туралы ақпарат келгендіктен біздің ақшаны қайтаруға мүмкіндігіміз жоқ. Шотты төлегеннен кейін және оларды жеткізушілерге аударғанға дейін ақша коммуналдық және басқа да

қызметтер үшін банктің өзінде арнайы шотта қалады.

Егер сіз төлем жасағаннан кейін төлем қатесін байқасаңыз, төлем жасалған күні осы банкке хабарласаңыз болады.

Алайда, егер сіз қолма-қол ақшаны қайтарғыңыз келсе және төлем күні өтіп кеткен болса, қызмет провайдерлерінің әрқайсысына өтінішпен жүгінуіңіз керек.

## 3. Шот телнұсқасын қалай алуға болады?

Егер сізге АЛСЕКО шотының телнұсқасы қажет болса, онда сізде оны алудың бірнеше ыңғайлы жолы бар:

- www.alseco.kz ресми сайтындағы «АЛСЕКО түбіртектері» бөлімінде немесе АЛСЕКО мобильді қосымшасы арқылы.
- Қызметті жеткізушілердің аудандық бөлімшелері арқылы. Жеткізушілердің мекенжайлары бар жадынаманы АЛСЕКО сайтында «Тұтынушыларға арналған ақпарат» бөлімінен жүктеуге болады.
- Қарасай батыр көшесі, 155 мекенжайында орналасқан АЛСЕКО кеңсесінде. Өзімен бірге меншік иесінің жеке басын растайтын құжат болуы керек.

## 4. Электрондық пошта арқылы ай сайынғы шотты қалай алуға болады/қағаз шотты алудан қалай бас тартуға болады?

Келесі әрекеттердің бірін жасау керек:

- www.alseco.kz ресми сайтында «АЛСЕКО квитанциялары» бөлімінде немесе АЛСЕКО мобильді қосымшасы арқылы өтініш беруге;

● Сондай-ақ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС www.esalmaty.kz.сайтында) Электрондық квитанция» («Электрондық шот») қызметін қосуға болады.

**Назар аударыңыз! Электрондық жіберілімге жазылу кезінде шот қағаз түрінде жеткізілмейді!**

**«АЛСЕКО» АҚ контактілері:**  
+7 727 339-50-15  
+7 771 339-50-15 (WhatsApp).  
Алматы қ., Қарасай батыр қ-сі, 155 (08.00-ден 16.00-ге дейін).

(Жалғасын 9 қараша күнгі нөмірден оқисыздар)

